ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№97 (3422) 7 желтоқсан 2021

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕДИЦИНА: САН КӨБЕЙМЕЙ САПА АРТПАЙДЫ

Қазақстандағы медициналық мекемелерде 4 мыңға жуық маман жетіспейді. Бұл Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 6-отырысында да айтылды. Мемлекет басшысы білікті дәрігерлердің облыс орталықтарында, әсіресе, аудандар мен ауылдарда аздығын айтып, оны оларға қажетті жағдайдың жасалмағанымен байланыстырды. Сондай-ақ, жыл сайын медициналық жоғары білімі бар мыңнан астам азамат өзге елге қоныс аударатынын, ал АҚШ пен Ұлыбританияның әйгілі жоғары оқу орындарында білім алған кейбір жастарымыз елге оралған соң өз мамандығы бойынша жұмысқа тұра алмағанын айтты. Бұған дейін Nur Otan партиясының Ұлт денсаулығы мәселелері жөніндегі республикалық қоғамдық кеңесінің мүшелері медицина қызметкерлерінің кәсіби қызметін сақтандыру бойынша заң жобасын қайта қарауы керектігін айтқан болатын.

(Соңы 3-бетте)

Баспасөз – 2022

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»**, **«Заң», «Фемида»** *басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.*

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға

«Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ **«Заң газеті»**
жеке тұлғалар үшін – 65921
заңды тұлғалар үшін – 15921

✓ **«Юридическая газета»**
жеке тұлғалар үшін – 65928
заңды тұлғалар үшін – 15928

✓ **«Заң» журналы** – 75849
✓ **«Фемида»** – 75858

Байланыс телефоны: *8 701 276 8989*

zanreklama@mail.ru

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Әсет ДЖУМАДИЕВ, ***ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментіне қарасты ЛА-155/18 мекемесінің бастығы, әділет подполковнигі:***

«БІЗГЕ ХАЛЫҚ СЕНІМІ МАҢЫЗДЫ»

– Әсет Серікұлы, соңғы кездері құқықтық салада жазаны ізгілендіру мәселесі көп айтылуда. Елбасы Н.Назарбаев та, Президент Қ.Тоқаев та бұл тақырыпқа жиі оралып, құқықтық сала өкілдеріне арнайы нұсқаулар беріп жүр. Сіз басқаратын мекемеде бұл процесс қалай жүзеге асып жатыр?

–Жазаны ізгілендіруге қатысты елде қомақты шаруалар атқарылып жатыр. Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданғалы бері елдегі құқықтық сала түбегейлі оң өзгерістерге бет бұрды деуге болады.

(Соңы 5-бетте)

ҮКІМ

ЭКС-ДЕПУТАТ АҚТАЛДЫ

АҚТӨБЕДЕ «ОН АЛТЫ ЖАСҚА ТОЛМАҒАН АДАММЕН ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС НЕМЕСЕ СЕКСУАЛДЫҚ СИПАТТАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАДЫ» ДЕП АЙЫПТАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ЭКС-ДЕПУТАТЫ АРКАДИЙ НИГЕ ҚАТЫСТЫ СОТ ҮКІМІ ШЫҚТЫ. ОЛ АҚТАЛЫП, СОТ ЗАЛЫНАН БОСАТЫЛДЫ.

Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында бір жылға созылған атышулы қылмыстық іске соңғы нүкте қойылды. Тергеу органдары облыстық мәслихаттың экс-депутаты Аркадий Ниге Қылмыстық кодекстің «Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау» бабы бойынша айып таққан еді. Сондай-ақ, жәбірленушінің анасы мен оның танысына кәмелетке толмаған қызды жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлегені үшін кінә тағылды. Сот барысында қыздың анасы өзінің танысы арқылы ірі кәсіпкермен кездесіп, оған ауыр қылмыс жасағаны үшін жала жаппақ болғаны анықталған. Ол оңай жолмен ақша табу үшін жасөспірім қызына физикалық және психологиялық қысым көрсеткен. Сөйтіп, қыз бала полицияға жалған түсініктеме беріп, айыпталушының өзіне сексуалдық зорлық көрсеткенін айтқан. Сот отырысы кезінде қыздың анасы қомақты қаржы алу үшін қызына депутатқа қалай жала жабуды үйреткенін айтып берді. Жасөспірім де анасының сөзін растап, оның ешқандай зорлық жасамағанын растаған. Сот-медициналық сараптамасы кезінде жасөспірімге ешқандай зорлық жасалмағаны белгілі болды.

Сот Аркадий Ни мен жәбірленуші қыздың анасының танысын кінәсіз деп танып, ақтады. Ал жәбірленушінің анасын «Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту» және «Көрінеу жалған сөз жеткізу» баптарымен айыпты деп танып, 6 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Алайда, кәмелет жасына толмаған балалары бары ескеріліп, жазаны өтеу мерзімі 5 жылға кейінге шегеріледі. Сонымен бірге сот облыстық полиция департаменті мен Сот сараптама институтының директорына заң бұзу деректері бойынша жеке қаулы шығарды. Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ, – деп хабарлады Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының баспасөз қызметі.

Айта кетелік, Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты Аркадий Ни былтыр желтоқсанда істі болып, Nur Otan партиясы қатарынан шығарылған еді. Енді ақталған кәсіпкер партияға қайта қабылдануы мүмкін.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ОЙТАЛҚЫ

ДӘРІГЕР ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ЖОЮҒА БОЛАДЫ?

Қазақстанда денсаулық саласындағы кадрлардың тапшылығы ресми органдардың есебі бойынша соңғы бір жылда 5 мыңнан 4 мыңға дейін азайған. Сарапшылардың айтуынша, салада оң өзгеріс байқалғанымен, ондағы мәселе әлі де жүйелі түрде шешімін тауып жатқан жоқ. Көп жағдайда себеппен емес, салдарымен күресіп жатырмыз. Бұл туралы мамандар пікірі қандай?

Рыскүл ЕСЕНҒҰЛОВА, ***Шипа медициналық орталығының лор-дәрігері:***

– Маман жетіспеушілігінің бірінші себебі – жалақының төмендігі. Екінші, маман оқуды бітірген соң оған өз мамандығы бойында жұмыс істеуге дұрыс жағдай жасалмайды. Үшінші, жастардың өзінде де медициналық оқу орнында алған мамандығы бойынша жұмыс істеуге деген ынта бұрынғыдай жоғары емес. Өйткені медицина саласында маман дайындау кезінде теория мен практиканы ұштастырып, одан кейін жұмыс орнымен қамтамасыз етілуіне дейінгі кеңестік дәуірде қалыптасқан оң үдерістің бәрі кейінгі жылдары бұзылып, өзгеріске түсті. Сондықтан өз басым оқуды тегін етіп, жастардың өз мамандығы бойынша жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасалғанда ғана елімізде маман тапшылығы жойылады деп ойлаймын. Өйткені, қазір көп мамандар ерте үйленеді.

Дина МҰХТАРҚЫЗЫ, ***№17 Алматы қалалық емханасының мейірбикесі:***

– Қазақстан медицина кадрларын дайындау жағынан Орталық Азияда ғана емес, ТМД елдері мен күллі Еуразия құрлығында әйгілі мемлекет саналады. Оны еліміздің медициналық жоғары оқу орындарында оқып жатқан және оқуға ынталы боп жүргендердің санынан да айқын аңғаруға болады. Сондықтан маман тапшылығы менің ойымша мамандардың кәсіби біліктілігінен емес, олардың өз елімізде алаңсыз жұмыс істеуіне жеткілікті жағдай жасалмауынан деп ойлаймын. Біздің ғалымдарымыз, практик дәрігерлеріміз кез келген күрделі операцияны жасай алады. Оған білімі де, тәжірибесі де жеткілікті. Бұл әлдеқашан әлемге әйгілі болған нәрсе.

Біздегі түйткілді мәселенің бәрі денсаулық сақтау саласындағы реформалардың төменнен емес, жоғарыдан жүргізілуінде деп ойлаймын.

(Соңы 3-бетте)

КОНФЕРЕНЦИЯ

МЕРЕЙТОЙҒА ТАРТУ

Маңғыстау облыстық сотының ұйымдастыруымен ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Судьялар одағының 25 жылдығына орай, әрі Әкімшілік әділет институтын насихаттау мақсатында «Тәуелсіз елдің адам құқықтарын қорғау бағытындағы реформалары. Әкімшілік әділет» атты құқықтық-практикалық конференция өтті.

Басқосуды Ержан Қарабаев ашып, сот жүйесінде тәуелсіздік алғалы бері атқарылған реформалар, «Қазақстан Республикасы Судьялар одағы» қоғамдық бірлестігінің құрылуы туралы айтып өтті. Облыс әкімі Нұрлан Ноғаев ел тарихында елеулі орын алған, жарқын болашаққа бастау болған жетістіктерді, Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы қиындықтарға тоқталып, мемлекеттігімізді нығайтуға қажетті маңызды қадамдар жайында айтты.

Конференция жұмысы үш сессияға бөлінді. Бірінші сессияда «Тәуелсіз сот төрелігі – тәуелсіз елдің тұғыры» туралы Маңғыстау облыстық сотының судьясы Н.Примашев пен Ш.Есенов атындағы Каспий университетінің профессоры Б.Ауешова баяндама жасады. Екінші сессия Әкімшілік әділет құрылымына арналды. Сессия модераторы Маңғыстау облыстық сотының алқа төрағасы И.Сматов әкімшілік соттардың құрылуы, оның қарауына жататын талап арыздар туралы айтып өтті. Осыдан соң Маңғыстау облыстық сотының судьясы А.Молбаева, Ақтау қаласы әкімінің орынбасары Ә.Байпақов, облыс прокурорының орынбасары Е.Тұрмағамбетов баяндама жасады.

Үшінші сессия биыл құрылғанына 25 жыл толған Судьялар одағына арналды. Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы м.а. Г.Бақытжанова «Бұл судьялар қауымдастығының барлық жұмысын ұйымдастыратын, халықаралық қатынастарды нығайтатын бірден бір қоғамдық бірлестік. Судьялар одағының атсалысуымен көптеген халықаралық, республикалық іс-шаралар өткізілуде. Оның ішінде ең салмағы ауыр, маңызы зор іс-шара – әр төрт жыл сайын өтетін республика судьяларының съезі», – деп одақтың маңызын тілге тиек етті.

Ардагер судья И.Орынбаев өзі қызмет атқарған кезеңдегі сот пен қазіргі сот жұмысын салыстырып, артықшылығын баяндаса, жаңадан іске кіріскен Жаңаөзен қалалық сотының судьясы С.Махамбетова дала заңының жаңа заман заңына ұласу кезеңі туралы айтты.

Конференция барысында сот жұмысы туралы бейнеролик көрсетіліп, жас судьялар ант қабылдады. Маңғыстау облысының әкімі ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай бірқатар судья мен сот қызметкеріне Алғыс хаттар тапсырды.

Маңғыстау облыстық сотының баспасөз қызметі

МЕЖЕ

ЕГЕМЕНДІК ЕСЕЙТКЕН ҚҰРЫЛЫМ

Тәуелсіздік алып, егеменді елде еркін өмір сүріп жатқанымызға 30 жыл толды. Отыз жыл – орда бұзатын жас. Отыз жыл – өткенің мен бүгініңді салыстырып ізденісің мен іркілісіңе, жетістігің мен кемшілігіңе есеп беретін кезең. Осы биіктен алғанда Тәуелсіздіктің Қазақстанды түлеткенін, тұғырын биіктеткенін мақтанышпен айта аламыз.

Біз ең әуелі бабаларымыз ғасырлар бойы арман еткен тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанымызды мақтан етуіміз керек. Себебі, әлемде дәл біз сияқты өз тілі, өз салт-дәстүрі бар екі мыңнан аса ұлт пен ұлыс тірлік кешеді. Соның барлығы өз алдына мемлекет құрып, азаттықтың рухын сезініп отырған жоқ. Өйткені, әлемде тек 206 мемлекет өзін тәуелсіз деп жариялаған. Соның 198-ін ғана дүниежүзі халықтары шын мәнінде тәуелсіз деп мойындайды. Және сол санаулы ғана іріктелген 198 мемлекеттің ішінде біздің Отанымыз – Қазақстан да бар. Яғни, біз дүниежүзіндегі аз ғана тәуелсіз мемлекеттің бірінде өмір сүріп жатқан, өз Туы, өз Әнұраны, өз Елтаңбасы бар бақытты халықпыз.

Тәуелсіздік барлық саланың жұмысын жандандырды, кез келген құрылымның жұмысына түбегейлі бетбұрыс жасады. Соның ішінде қазақстандық сот та бар. Еліміздің Бас заңы – Конституцияда судьяларға ерекше мәртебе берілген. Ата Заңның 75-бабында «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» деп әділдік пен төрелік айту тек соттың құзырында екенін нақтыласа, 77-бапта: «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады» деп судьялар қызметін заңдық тұрғыдан бекіткен. Бас заңнан бастау алған бұл тетік кейіннен «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңында жан-жақты дәйектелген. Бұл құжаттарда судьялардың өзіне міндеттелген істі адал, әділ, сапалы, мінсіз, жедел атқаруына қажетті талаптар мен қолдаулардың бәрі көрсетілген. Яғни, судьялар заңдық тұрғыдан жан-жақты қорғалған, қызметі реттелген.

Мемлекет сот құрылымының заңдық, материалдық-техникалық мәселесін түбегейлі шешумен бірге судьялар корпусына үнемі жоғары міндеттер қойып, бағыт-бағдар беріп келеді. Оған 1996 жылдан бері әр төрт жыл сайын өтіп келе жатқан Қазақстан Республикасы судьяларының съездері жарқын дәлел бола алады. Осы съездерге Мемлекет басшысының дәстүрлі түрде қатысып, сот құрылымының жұмысына қатысты пікір-лебізін білдіруі, тапсырма жүктеуі судьяларға көрсетілген мәртебе ғана емес, судьяларды шыңдаудың, сыннан сабақ алуына жол көрсетудің үлгісі десек болады. Кезекті съездің бірінде Елбасы Н.Назарбаев «Кез келген нағыз сот реформасының түпкі мақсаты – судьялардың адалдығы мен кәсібилігі, әділдік және әділ сотқа қолжетімділік болып саналатын тәуелсіз және сатылмайтын сот билігі. Судья – тек заңдылықтың үстем болуына жол ашушы ғана емес, ол қоғамдағы қайшылықтарды жоюға, адами қатынастарды үйлестіруге, азаматтардың өмірін сенімді әрі тұрақты етуге жауапты тұлға» дей келе үшінші билік өкілдерін осы межеден табылуға үндеген еді.

Шындығында Президенттің әр жолдауынан сот жүйесін жаңғырту талабы шет қалған емес. Кез келген жолдауда сот реформасын жүргізу, сот тәуелсіздігін арттыру, сотқа деген сенімді нығайтуға ықпал ететін тетіктер назарға салынады. Сотқа жаңа технология жетістіктерінің енгізілуі, Алқабилер институтының қолданысқа енгізілуі, медиацияның қолданысқа енуі осы съездерде берілген тапсырмалар нәтижесі.

Сот сатыларының оңтайландырылуы, мамандандырылған соттардың құрылуы, судьяларды іріктеу тетігінің күшеюі де осы жолдаулар мен съездерде берілген бағыт-бағдардың жемісі. Күні кеше қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс те Мемлекет басшысының Әкімшілік әділет институтын жандандырып, қарапайым азаматтар құқығын мінсіз қорғасақ деген тапсырмасы нәтижесінде дайындалған болатын. Қоғамға бетбұрыс жасаған жаңа заң негізінде жаңа әкімшілік соттар құрылып, оның игілігін халық өз көзімен көріп, біліп отыр. Жаңа соттар жұмыс істеген үш айдың өзінде 7 мың талап арыз келіп түскен. Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов атап өткендей осы арыз иелерінің 60%, жеке тұлғалар, бизнес өкілдері өз мақсаттарына қол жеткізген. ӘРПК-ге дейін талап арыздарды қанағаттандыру деңгейі 14% болса, өткен 3 айда мемлекеттік органдар шешімінің күшін жою көрсеткіші бұрынғыға қарағанда үш еседен асқан. Осының өзі жаңа заң, жаңа институттың халық сенімін арттыратын тетік екенін толық дәлелдейді. Осындай игілікті істің бәріне сот жүйесі тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізіп отыр.

Қайыржан АЛАШҰЛЫ,
Ақтөбе қаласы әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

КӨЗҚАРАС

ОҚИҒАҒА ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚАРАУ КЕРЕК

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Тұтас мемлекетті қамтитын ауқымды іс-шараларды өткізген кезде айқын көзқарас, нақты ұстаным болуы шарт. Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тек мерейтой деп санауға болмайды. Ең алдымен, бұл тарихи оқиғаға идеологиялық тұрғыдан қарауымыз керек», – деген болатын. Шын мәнінде, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы – маңызды тарихи дата. Бізге ысырапшылдықпен той тойлаудың емес, керісінше, төл тарихымыздың құндылықтары мен руханиятымызды түгендеп, ой толғаудың кезеңі келді.

Ел Конституциясының 1-бабында көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық, біртұтас мемлекет. Ал ұлттық құқықтық жүйедегі әдет-ғұрып құқығы демократиялық, құқықтық мемлекет дамуының маңызды факторының бірі. Елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси және құқықтық реформаларды жүргізу барысында халықтың дәстүрлі билік танымы мен құқықтық танымын ескерудің маңызы зор.

1991 жылы 16 желтоқсанда ел Президенті «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңға қол қойғанда аз ғана топ болмаса, көп адамдар Қазақстанның 30 жылдан кейін осындай зор табыстарға қол жеткізеріне сенбеген еді. Тіпті, Қазақстан тәуелсіз ел ретінде КСРО-дан қалған экономикалық, саяси және экологиялық проблемалардың ауыр салмағынан сансырап, шашылып қалады деген сарапшылар да табылған. Бірақ біздің ел ауыртпалықтың бәрін еңсере отырып, әлемдік қоғамдастықтың беделді мүшелерінің біріне айнала білді. Бүгінгі күні біздің мемлекетіміз әбден пісіп-жетілген, тәуелсіз ел. 30 жылдың ішінде бізде барлық мемлекеттік басқару құрылымының институттары мен азаматтық қоғамның элементтері дамыды. Әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзгерістер саяси және құқықтық жүйелердің түбегейлі реформаларымен бірге іске асып отырды. Осының өзі Қазақстанның берік құқықтық жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Уақыт өткен сайын қазақстандық саяси-құқықтық модель заңдардың орындалуы мен мемлекеттің беделін нығайтып, Конституцияның мызғымастығын қамтамасыз етті.

Реформаға негізделетін маңызды қадам қылмыстық жазалау саясатын ізгілендіру болып табылады. Елбасы қылмыстық заңнама мен сот төрелігін құқықтық мемлекет стандарттарына келтіру, қылмыстық жауаптылық пен жазалаудың репрессивтілігі мен ауырлығын азайту, қылмыстық сот ісін жүргізуде заңдылық кепілдіктерін күшейту міндетін қойды. «Ізгілендіру» үлкен қоғамдық қауіп төндірмейтін қылмыстарды қылмыстық сипаттан арылту, онша ауыр емес қылмыстар бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны алып тастау, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды қолдану аясын кеңейту, кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыстық жауаптылығын жеңілдету сияқты негізгі бағыттар бойынша жүргізілді.

2015 жылдың 20 мамырында Елбасы Н.Назарбаев «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамды» жариялады. Бұл жоспардың 2-бөлімі заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталды. Сонымен бірге, Мемлекет басшысы құқық қорғау жүйесін одан әрі оңтайландырып, біліктілікті барынша нақтылау қажеттігін және есеп беру жүйесі мен әрбір құқық қорғау органының іс-әрекетінің бағасын беруде парламенттік және қоғамдық қатаң бақылау болуы керектігін айтты.

Қорыта келе айтарымыз, бізде тиімділігі жеткілікті дәрежедегі құқықтық кеңістік орнады деп сеніммен айта аламыз. Десек те, елімізде қазірдің өзінде көптеген құқықтық реформалар жүріп жатыр. Әрине, жаһандық мәселелер, техникалық үрдістің шапшаң дамуы, жаңаша ұмтылыстар мен бағыттар ұлттық мүддемізге сай келетін мемлекеттік салиқалы саясатпен жүзеге асырылғаны жөн. Бұл дегеніміз – Қазақстан халқының және қазақ ұлтының ділін, тарихын, тағылымын, ғасырлар бойы қанымызға, жанымызға сіңген, адамгершілік пен имандылықты, толеранттылықты насихаттайтын заңдар жүйесін ескеріп, Қазақстан қоғамының кәдесіне жарату деген сөз. Ал ұлттық құқықтық жүйені одан әрі жетілдіру қазақстандық жеке адамның мүддесін, оның құқығы мен бостандығын қорғау кепілдігін арттырары сөзсіз.

Д.КУСАИНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мемлекет және құқық тарихы мен теориясы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті,
А.КУСАИНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы

КӨКЖИЕК

ЖОЛДАУ – БАСТЫ БАҒДАРШАМ

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Арысы қазақ хандығынан бастап, берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, ата-баба аманаты. Қазақ хандығынан Алтын Ордаға, Көк Түркіке ұласатын ұлы тарихымыз ұлықталды. Барша түркі жұртының киесі – Күлтегін алтын айдарлы астана төріне қонды.

Е. КУРМАНОВ,
Ақтөбе облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

Тарихымыз сан мың жылдан тамыр тартатын сүбелі жаңалықтарға толы, еліміздің аспанында көк туымыздың желбіреген күнінен бастау алған. «Тәуелсіздіктен» соң еліміздің жаңа тарих беттері күн санап толыға түсуде. Елбасы Н.Назарбаев еліміздің болашақ бағытын айқындап «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050» бағдарламаларын жасады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жолдаулары қазақ елінің басты бағдаршамына айналды. Тәуелсіздікке қол жеткізген 30 жыл ішінде қыруар іс жасалып, басқа ірі алпауыт елдермен теңесуімізге осы жолдау жүктеген міндеттердің қозғаушы күш болғаны анық.

Тәуелсіздік – рухани құндылығымыз болса, рухани құндылық – Мәңгілік Ел, Тіл, Мәдениеттен тұрады. Байырғы қазақ жерінде бір тағдыр және тарих арқылы байланысқан Ұлы дала елінің даңқты тарихы мен дәстүрлерін жалғастырған «Мәңгілік ел» патриоттық идеясы да бейбітшілік пен келісім, бірлік пен тұтастықтың маңызды бөлшегі. Болашағы біртұтас ел құру жолындағы мызғымас жеті тұғырды нығайтуға еліміздің астанасы Нұр-Сұлтан, жалпыұлттық бірлік, зайырлы мемлекет және жоғары руханият, инновация негізіндегі тұрақты экономикалық өсім, жалпыға ортақ еңбек қоғамы, тарих, мәдениет пен тілдің ортақтығы, Ұлттық қауіпсіздікке ықпалын тигізеді. Ұлттық құндылықты қорғау – әрбір азаматтың парызы.

Басқа қонған бағын бағалайтын ел – байлығын еселей отырып, тек алға ұмтылады. Біздің басты байлығымыз – пейілі даладай дархан, бірлігі болаттай берік, Алатаудай алып халқымыз! Тамыры терең, қазығы берік осындай елі бар мемлекеттің Тәуелсіздігі де баянды болады.

ТАҒАЙЫНДАУ

ОБЛЫСТЫҚ СОТ ТӨРАҒАЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Бек ӘМЕТОВ

Ербол ЖАНҒАЗИН

Манат КӨМІРШІНОВ

МАҢҒЫСТАУ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 30 қарашадағы Жарлығына сәйкес Маңғыстау облыстық сотының төрағасы лауазымына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы қызметін атқарған **Бек Әметұлы Әметов** тағайындалды. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Әбдірашид Жүкенов, облыс әкімі Нұрлан Ноғаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, облыстық соттың, аудандық және оған теңестірілген соттардың судьялары, облыстың Соттар әкімшісінің басшысы мен лауазымды қызметкерлері қатысты.

Ә.Жүкенов облыстық соттың жаңа төрағасы Бек Әметовты облыс активіне таныстыра отырып, оның кәсіби қасиеттері туралы оң пікір білдірді.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 30 қарашадағы Жарлығына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық сотының төрағасы лауазымына Шымкент қалалық сотының Қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы қызметін атқарған **Ербол Әмірғалиұлы Жанғазин** тағайындалды. Іс-шараға Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Қанат Мусин, облыс әкімі Құмар Ақсақалов, құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық, аудандық және оған теңестірілген соттардың судьялары, Соттар әкімшісінің басшысы мен қызметкерлері қатысты. Облыс әкімі Қ.Ақсақалов экс-төраға Е.Айтжановқа облыстың сот жүйесінің дамуына елеулі үлес қосқаны үшін алғысын білдіріп, жаңадан тағайындалған облыстық сот төрағасы Е.Жанғазинге сәттілік тіледі. Қ.Мусин облыстық соттың жаңа төрағасы Е.Жанғазинді облыс активіне таныстыра отырып, оның кәсіби қасиеттері туралы оң пікір білдірді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН

Президенттің 2021 жылғы 30 қарашадағы Жарлығымен Шығыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы болып тағайындалған **Манат Ғалымұлы Көміршіновті** ұжымға Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Қанат Мусин таныстырды.

Кездесуге алқа төрағалары, аудандық және оларға теңестірілген соттардың төрағалары, облыстық соттың судьялары, Соттар әкімшісінің басшылығы, құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.

Қанат Мусин облыстық сот төрағасын сот корпусына таныстыра отырып, Манат Ғалымұлының судьялық қызметте көп жылдық тәжірибесі бар екенін, оның жоғары кәсібилігін атап өтті. Осы салада ұзақ жылдар қызмет еткен Манат Ғалымұлы бұған дейін Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметін атқарды.

ҚР Жоғарғы Сотының баспасөз қызметі

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЭКСПОРТТАН ПАЙДА БАР МА?

EXPO – 2020 көрмесіндегі Қазақстанның Ұлттық күніне орайластырылған өндірушілер ұлттық көрмесінде шағын және орта бизнес санатындағы машина жасау, тамақ өнеркәсібі, жеңіл, медициналық және IT саласындағы 30-ға жуық компания өздерінің экспорттық мүмкіндіктерін ұсынды. Онда БАӘ іскер топтарына Қазақстанның сауда мүмкіндіктерін таныстырған ҚР Сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаев БАӘ-нің Қазақстанмен сауда-саттық көлемі бойынша Парсы шығанағындағы араб елдері арасында бірінші орында тұрғанын, екі мемлекет таяу жылдары сауда әріптестігін айтарлықтай кеңейтуге ниетті екенін атап өтті. Ал Дубай Сауда палатасының халықаралық байланыстар жөніндегі вице-президенті Хасан Әл-Хашеми Дубайдың Қазақстанмен ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенін атап өтіп: «Қазақтың еті, қазақтың ұны десе, сапалы өнім екенін біздің тұрғындар қазірдің өзінде біледі. Біз әмірліктерде сапалы тауарларды күтеміз, тұтынушыларымыздың талабы өте жоғары», – деді

Жалпы, соңғы 5 жылда Қазақстан мен БАӘ арасындағы өңдеу өнеркәсібінің айналымы 21%-ға, экспорт 16,3%-ға, импорт 41,3%-ға өскен. Қазақстаннан БАӘ-ге экспортталатын негізгі тауарлар: мыс, қой немесе ешкі етінен жасалған өнімдер, мыс және катодтар, сиыр еті, темекі және оның алмастырғыштары, темекі сығындылары мен эссенциялары, құбырларға арналған арматура, мұнай өнімдері, оқшауланған сымдар, кабельдер, ферроқорытпалар, бөлшектер. Іштен жанатын қозғалтқыштарға, жол және құрылыс машиналарына, поршенді іштен жанатын қозғалтқыштарға арналған. Қазіргі уақытта БАӘ-ге қызыл ет пен құс етін жеткізуге рұқсаты бар компаниялардың тізіліміне 9 қазақстандық компания кіреді. Экспортқа жарамды кәсіпорындар тізімін ұлғайту бойынша жұмыс жалғасуда. Бүгінгі таңда қазақстандық ет өнімдері Cipriani, Laduree, Isola, MaisonMathis, STK, BB SocialDining мейрамханаларында ұсынылған. Ол сондай-ақ, БАӘ сатып алушылары үшін «Lulu» және «Carrefour» ірі сауда желілерінің сөрелерінде қолжетімді.

«QazTrade» АҚ мен ҚР Сауда және интеграция министрлігінің бірігіп ұйымдастырған қазақстандық тауарлардың көрмесі мен сауда-экономикалық миссиясы кезінде БАӘ қазақстандық экспорт үшін аймақтың басқа елдерінде: Оманда, Катарда, Йеменде және т.б. қатысуын кеңейту қарастырылатыны айтылды. Онда жалпы сомасы 20 млн долларды құрайтын 7 сауда келісіміне қол қойылды. Соның бірі қазақстандық компанияның БАӘ сатып алушысына микросфераларды (көмірді жағу кезінде пайда болатын күл мен қож қалдықтарын өңдеу нәтижесінде алынған өнімдер) жеткізуге бағытталған ұзақ мерзімді келісімшарты. Бұл ретте экспорттаушыларға сервистік қолдау көрсету аясында БАӘ-де сауда-экономикалық миссиясын ұйымдастыру шығындары шамамен 64 млн теңгені құрады. Жасалған келісімшарттардың көлемі 20 млн доллардан асты, яғни 8,7 млрд теңгеден астам. Экспорттаушыларды сервистік қолдауға жұмсалған 1 теңге экспорттың 136 теңгеден астамын құрайды.

Е.КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МЕДИЦИНА: САН КӨБЕЙМЕЙ САПА АРТПАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, Татьяна Булгацевич заңнамада «медициналық қатер» деген ұғым жоқ екенін, ауылдық ауруханадағы рентген аппараттарының ескіргенін, кейбіріне 70 жыл болғанын, соның салдарынан диагностикалық қателіктердің қаупі жоғары екенін айтып, дәрігерлер ғажайыптар жасай алмағаны үшін кінәлі бола ма дейді. Оның әріптестері ҚР Қылмыстық кодексінің 317-бабындағы «Медицина немесе фармацевтика қызметкерлерінің кәсіби міндеттерін тиісінше орындамауы» туралы норма медицина қызметкерлерінің құқықтарына нұқсан келтіретінін сөз етіп, оны қайта қарау керектігі жөнінде мәселе көтерген. Ал былтыр, Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының бас директоры Қанат Төсекбаев елімізде медицина қызметкерлерінің тапшылығы 5201 маманды құрағанын айтты. Маман тапшылығының ең жоғары көрсеткіші Қостанай облысында (624) тіркелгенін, ал Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарында мамандардың басқа жаққа көшуі тоқтамай тұрғанын, мұнда 2017 жылы – 1 062 адам, 2018 жылы – 1 225, 2019 жылы – 1 212 қызметкер шетелге қоныс аударғанын мәлімдеген.

Жалпы, білікті мамандардың тапшылығы өңірлерді былай қойғанда, Алматының өзінде әлі толық шешімін таппағанын ескерсек, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 6-отырысында ҚР Президенті тарапынан айтылған санның әлдеқайда көп болуы да мүмкін. Өйткені, емханаларда тұрғындардың кейбір мамандарға қаралып, кеңес алу үшін апталап-айлап кезек күтуіне тұра келетіні бұқаралық ақпарат құралдарында да, фейзбук әлеуметтік желісінде де аз айтылып жатқан жоқ. Алматы қаласының әкімдігі медицина кадрларының тапшылығын төмендету бойынша Жол картасын бекітіп, жүздеген грант бөлгенімен, бұл да тығырықтан шығарарына ешкім кепілдік бере алмауда. Атап айтқанда 1 қыркүйектегі жағдай бойынша қалада білікті дәрігерлер тапшылығы 215 бірлікті, ал бұл орта медициналық персоналда 400-ге жуық штаттық бірлікті құрайды. Сондай-ақ, КВИ-мен күреске тартылған қызметкерлерді ынталандыру үшін мамандарға 10 пәтер бөлініп, 300 жас маман «Алматы Жастары 3.0» тұрғын үй бағдарламасына қатысуға мүмкіндік алды.

Сарапшылардың айтуынша, медицина саласындағы кадр тапшылығын тек материалдық жағдаймен байланыстыруға болмайды. Қолданыстағы заңнама жетілдіруді қажет етеді. Өкінішке орай, заң жобасын дайындау және қабылдауға өкілеттігі бар Үкімет пен Парламент мүшелері әрбір өзгеріс пен түзетуді жүйелі түрде тұтастай емес, жеке-жеке қарастырып жатқандықтан кейбір заңнамалық құжаттардың тиімділігі аса жоғары емес. Мәселен, Медицина қызметкерлерінің этикалық кодексінде олардың ең басты мақсаты – адам өмірін сақтау, аурулардың алдын алу және денсаулығын қалпына келтіру, сондай-ақ емделмейтін ауруға шалдыққандардың азабын жеңілдету екені көрсетілген. Олар өз шешімдері мен іс-әрекеттері үшін толық жауапкершілігін мойнына алады. Сол үшін жүйелі түрде кәсіби шыңдалып отыруға; өз қызметінде өзіне таныс және пайдалануға рұқсат етілген медицина ғылымының соңғы жетістіктерін пайдалануға; өзі жұмыс істейтін мекемеге байланысты өз жауапкершілігіне алған барлық міндеттемелерді адал орындауға міндетті. Сондай-ақ, пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасына жауапты. Өз жұмысында Қазақстан заңдарын, іс жүзіндегі нормативтік құжаттарды (медициналық стандарттарды) басшылыққа алады, бірақ бұл ұйғарымдар аясында, аурудың ерекшеліктері ескеріліп, әр жағдайда науқас мүддесі басшылыққа алынып тиімдірек ем, диагностика, алдын алу әдістері таңдалады. Қажет болған жағдайда медицина қызметкері өз әріптестерінің көмегін пайдалануға міндетті. Медицина қызметкері пациентті қисынсыз тәуекелге душар еткізбеуі тиіс және өз білімін ізгіліксіз мақсаттарға жұмсауға жол бермеуі қажет. Медицина қызметкері кез келген емдеу әдісін таңдау барысында алдымен «Зиян келтіріп алма!» өсиетін басшылыққа алады. Қателік жібергенде немесе емдеу барысында күтілмеген ушығулар дамығанда медицина қызметкері науқасқа, тікелей басшысына хабарлауға міндетті және шұғыл түрде зиянды салдарды түзетуге бағытталған іс-әрекеттерге кірісуге міндетті. Бұдан бөлек медицина қызметкері көпшілік алдында басқа медицина қызметкерінің кәсіби біліктілігіне сенімсіздік білдіруге немесе беделін түсіруге құқығы жоқ екені жазылған. Оны мұқият оқып, өзінің ой елегінен өткізген адам мұндағы бірқатар даулы нәрселелерді аңғармауы мүмкін емес. Мәселен, ауруханалардағы дәрігерлер портал арқылы бөлінген қаржыны игеру үшін мүмкіндігінше науқас адамды емдеудің практикалық жағына көбірек мән береді. Ал емханада қызмет жасайтын мамандар оған теориялық жағынан көңіл аударып, ауруды операцияға жеткізбей емдеуге барынша күш салады. Сондықтан, кейде операциясыз-ақ емдеуге болатын науқастардың жағдайын дұрыс бағамдай алмаған әріптестерінің әрекетін қаншалықты тәуекелді екенін біліп тұрса да медицина қызметкерлері ол туралы өз пікірлерін ашық жариялай алмайды. Соның нәтижесінде емдеу әдісін таңдау барысында «Зиян келтіріп алма!» деген қағида барлық уақытта бірдей сақтала бермейді. Кейде артық қылам деп, тыртық қылыпты дегендей жағдай ушығып кетіп, бір маманның қателігі бүкіл медицина қызметкерлерінің еңбегіне дақ түсіретін жағдайлар қоғамда аз кездеспейді. Ал одан сабақ алып, кемшілікті түзетуде дамыған елдерден үйренеріміз әлі жеткілікті. Бұл медицина саласындағы мемлекеттік және ақылы қызметтің сапасынан да аңғарылады. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті медициналық сақтандыру іске асқаннан бері саңырауқұлақтай қаптаған жекеменшік медициналық орталықтар мен клиникалар бұл саладағы қаржы айналымының енді жыл өткен сайын өспесе, кемімейтінін дәлелдеп отыр. Ал ол халыққа тиімді ме әлде бизнеске не мемлекетке тиімді ме деген сұраққа әзірге ешкім қанағаттандыратындай нақты жауап бере алмауда.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ДӘРІГЕР ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ЖОЮҒА БОЛАДЫ?

ОЙТАЛАҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Рысқұл ЕСЕНҒҰЛОВА, *Шипа медициналық орталығының лор-дәрігері:*

– Оларға оқуда да, қызметте те қолайлы жағдай жоқ. Жатақханасы жоқ, әрі оқуы ақылы болған соң олар уақытын оқуға бөле ме әлде ақша табуға жұмсай ма? Әрине қоғамның жағдайына маманның жағдайы сәйкес келмеген соң көбі ауырдың үсті, жеңілдің астымен өтіп кеткісі келеді.

Біздің 30 жыл бойы ұрандап келген демократиямыз медицина қызметкерлеріне ауыз толтырып айтарлықтай көп нәрсе бере қойған жоқ. Бір кезде реформа жасаймыз деп, міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгіздік. Алайда кейін оның дұрыс жасалмағаны мәлім болды. Одан соң биыл үшінші жылға аяқ басып отырған мемлекеттік сақтандырудың жаңа жүйесін енгізген едік, ол да дәрігерлер үшін қолайлы бола қойған жоқ. Өйткені, маманның тапқан табысы мен қоғамға істеген еңбегі сәйкес келмейді. Қазіргі жағдайда маман тапшылығы болмасын десек оны қайта өзгерткен жөн шығар. Себебі, дәрігерге бірінші кезекте шетелдегідей қолжетімді жоғары жалақы жасау керек. Табысы күнкөрісіне жеткілікті болса ғана ол алдына қойған өз мақсаты мен міндетін дұрыс орындайды. Одан кейін жас мамандарға пәтер алуға жеңілдіктер жасау қажет. Бұл олардың медицина саласында тұрақтанып, көп жұмыс істеуіне ықпал етеді деп ойлаймын. Егер маманға жағдай жасамайтын болсақ, бұл салаға қанша реформа жасасақ да оның халық денсаулығын жақсартудағы тиімділігі жоғары бола қоюы неғайбыл.

Дина МҰХТАРҚЫЗЫ, *№17 Алматы қалалық емханасының мейірбикесі:*

– Қазір жоғары оқу орнын бітірген маманның көбі мемлекеттік емханалар мен ауруханаларда қызмет етуге құлықты емес. Өйткені, онда олардың мұндағы атқаратын қызметі мен сол үшін алатын еңбекақысының арасындағы алшақтық жыл өткен сайын азаюдың орнына, ұлғайып бара жатыр. Ондағы кадр тұрақтылығы жоғары санатты дәрігерлерге қарағанда, кіші және орта санаттағы медициналық қызметкерлерде жоғары болып тұр. Себебі, олардың көбі отбасылық, тұрмыстық жағдайына байланысты медициналық колледждерде алған білімін ары қарай жалғастыра алмағанымен осы салаға өзінің өмірін арнаған адамдар. Олардың осы уақытта практикада жинаған тәжірибесі мен білімі кейде жоғары оқу орнын бітірген кейбір мамандардан артық болмаса, кем емес. Егер оларды біліктілікті арттыратын арнайы курстарға жіберіп, онда оқып жүрген кезде жұмыс орнындағы еңбекақысын мемлекет есебінен өтеп беретін болса, кадр тапшылығын азайтуға өз септігін тигізетіні анық.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

КҮНДЕРЕК

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫ

Жәнібек СЕЙТЖАПАРОВ, Қобда аудандық сотының төрағасы

1991 жыл – Қазақстан Республикасының Тәуелсіз ел ретінде әлемге алғаш қадам басқан жыл. Тәуелсіздік туының желбірегеніне де міне 30 жыл.

Алғашқы мемлекеттік акт – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация» еді. 1993 жылғы 28 қаңтарда егемен Қазақстанның тұңғыш Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум өткізіліп, жаңа Конституциямыз бекіді. Егемен Қазақстан демократиялық, зайырлы, әлеуметтік-құқықтық және унитарлық мемлекет болып жарияланды. Ол үшін адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары басты құндылық деп танылды.

1992 жылы мемлекеттік рәміздер – Әнұран, Елтаңба және Туды жасауға конкурс жарияланып, 1992 жылғы 4 маусымда Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаев «ҚР мемлекеттік Туы», «ҚР мемлекеттік Елтаңбасы», «ҚР мемлекеттік Әнұраны туралы» заңға қол қойды.

Жаңа тәуелсіз мемлекет тарихи аренаға толыққанды қатысушы, әлемдік саясаттың субъектісі ретінде өзін танытып, 1992 жылғы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі атанды.

1997 жылғы 20 қазанда Елбасы Қазақстанның жаңа астанасы Ақмола қаласы болғанын ресми түрде жариялап, 1998 жылы елордаға Астана аты берілді.

2006 жылдың қаңтарында мемлекетіміздің жаңа Әнұраны қабылданды. Әнұран негізіне композитор Ш.Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні таңдалып, Әнұранның авторларының бірі болып Тұңғыш Президент Н.Назарбаев енді.

2008 жылы 6 шілде – Астана күні болып танылды. Сонымен қатар елордадағы «Қазақ елі» монументі ашылды.

2017 жылы Қазақстанда ЕХРО–2017 көрмесі ұйымдастырылды. Аталған көрме елордамыз Астана қаласында өтті. Осы көрмені өткізуге 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысып, көрмені тамашалауға әлемнің түкпір-түкпірінен меймандар келді.

Қазақстан 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық етті.

Міне, Тәуелсіздік туының желбірегеніне небәрі 30 жыл болғанымен, осы кезеңде Қазақстан тарихы осындай баспалдақтардан өтті.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Тарихы терең егемен еліміздің сот жүйесінде де осы 30 жыл ішінде оңтайлы реформалар жүргізіліп, соттар азаматтардың, заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, қорғау бағытында елеулі жетістіктерге қол жеткізді.

Осының бір мысалы ретінде, Медиация институты, дауларды сотқа дейін және сотта бітімгершілік жолмен реттеу, судьялардың жүктемесін азайту, қабылданған сот актілерінің сапасын арттыру және де ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілген Әкімшілік әділет институты жөнінде ерекше атап өткен жөн.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚҰМСАҒАТ

Міне, биыл Қазақ елі тәңірі берген Тәуелсіздігінің, азаттығының отызыншы жылына қадам басып отыр.

Сонау 1991 жылдан бастап жүргізілген реформалар дербес сот билігінің қалыптасуы мен орнығуына, сот жүйесінің ұйымдық негіздерінің дамуына, оны кадрлық және қаржылық қамтамасыз етуді жетілдіруге, демократиялық, құқықтық мемлекеттің заңдылық негізін бекітудің қажетті алғышарттары ретінде соттың тәуелсіздігін нығайтуға бағытталды. Республиканың сот жүйесі осы жылдар аралығында құқықтық мемлекеттің стандарттарына сай келетін шынайы тәуелсіздікке қарай қарқынды қадам басты. Сот жүйесінде болған түбегейлі өзгерістер баршаның сотқа қолы жетуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кез келген тұлғалардың өз құқықтарын сот арқылы жүзеге асыруына жол ашты, азаматтардың сот билігіне сенімін күшейтті.

ОҢ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БАСТАҒАН **30 ЖЫЛ**

Егемендік жылдарында сот жүйесін мамандандыру арқылы сот төрелігінің әділдігіне қол жеткізу жұмыстары толассыз, кезең-кезеңімен жүргізілді. Республика аумағында 2002 жылдың ақпан айында мамандандырылған экономикалық соттар өз қызметін бастаса, 2004 жылдың қыркүйек айында әкімшілік соттар, 2010 жылдың қаңтар айында қылмыстық істер жөніндегі соттар, 2012 жылдың ақпан айында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттар құрылып, қазіргі уақытта сот әділдігін атқаруда тыңғылықты жетістікті көрсетіп, мамандандырылған салалары бойынша сот практикасын нық қалыптастырып, сот әділдігін жүзеге асыруда қойылған талап үдесінен шығып отыр.

Елбасы 2010 жылдың 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында еліміздің заңдарын ізгілендіруді мақсат етіп қойды. Соттар балама жаза түрлері мен бітімгершілік рәсімдерін қолдануға кірісті. Дәл осы жылдың 18 тамызындағы «Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Президент Жарлығында «Қылмыстық сот ісін жүргізуде бітімгерлік рәсімдерді кеңейтуге, оның ішінде медиация институтын дамытуға, сондай-ақ жеке ашық айыптау қылмыстық істерінің санатын кеңейтуге» тапсырма беріп, 2011 жылы дауларды шешудің тиімді әдісі ретінде «Медиация туралы» заң қабылданды.

Сонымен бірге, осы жылдар аралығында жаңадан заңдар қабылданды. Атап айтқанда, 2014 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық, Қылмыстық процестік кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі қабылданып, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілсе, 2015 жылдың 31 қазанында Елбасы Н.Назарбаев ҚР жаңа Азаматтық процестік кодексіне бүкіл жұртшылықтың алдында жариялы түрде қол қойып, аталған кодекс 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жұмысын бастаған сот жүйесі мен бүгінгі соттың жағдайы мүлде салыстыруға келмейтін. Ең бастысы, азаматтардың сотқа қолжетімділігін арттыру арқылы ашықтық пен жариялылық қамтамасыз етілді. Бұл ретте, Елбасы әділ сот төрелігінің халық үшін қолжетімді болуын қамтамасыз ету үшін электронды ресурстарды кеңінен пайдалануды тапсырды. Осы орайда, іске қосылған жаңа ақпараттық сервистердің арқасында ел азаматтары үйлерінде немесе жұмыс орындарында отырып-ақ, сотқа жүгіне алатындай жағдай жасалды. Сонымен қатар, олар ғаламтор арқылы сот құжаттарымен таныса алады. Қазіргі таңда сот жүйесіне «Төрелік» ақпараттық жүйесі іске қосылып, сот отырыстарының барлығы дыбыс-бейнежазбалар қолданылып қаралуда. Бұл тұрғыда, сот саласына дендеп енген заманауи технологиялар жетістігі бүгінде халық игілігіне қызмет етіп, олардың сотқа деген сенімдерін нығайтуда.

Сайдыбаттал ТОҚБЕРГЕНОВ, Еңбекші аудандық сотының төрағасы міндетін атқарушы
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ОҢ ҚАДАМ

ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Мемлекетіміздің өзгерген келбеті мен осы жылдар арасында қалыптасқан мемлекеттік құрылымының ішінде сот жүйесі де қазіргі таңда озық елдердің үлгілерінен пайдалы тұстарын алған, бұрынғы кеңестік жүйенің де қажетті жақтарын бойына сіңірген жүйе болып қалыптасып отыр. Жылдан-жылға енгізіліп жатқан реформалар жүйенің бойына қан жүгіртіп, әділсотты жүзеге асыруға, халыққа толыққанды қызмет көрсетіп, осы арқылы ел іргесінің беріктігін баянды етуге бағытталған жұмыс жасауға қабілетті құрылымға айналдыруда. Бұл тұрғыда ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын сот жүйесі заманауи жарақталған, білікті мамандармен қамтылған, бар талаптарға сай келетін жүйе ретінде қарсы алып отыр деп нық сеніммен айта аламыз. Сондай-ақ, 2020 жылы 29 маусымда қабылданып, 2021 жылы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, бүгінгі күнде оң нәтижесін көрсетуде. Бұл ретте енгізілген мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың ашылуының өзі – жүйенің бір орында тұрмай, толассыз даму үстінде екендігін айғақтайды.

Бакытбек ОМАРОВ, Ақтөбе қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ САҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/-1,00 п.т. пайыздық дәлізімен жылдық 9,75% деңгейінде белгілеу туралы шешім қабылдады. Тиісінше өтімділікті ұсыну жөніндегі тұрақты қолжетімді операциялар бойынша мөлшерлеме 10,75%, ал өтімділікті алу жөніндегі тұрақты қолжетімді операциялар бойынша мөлшерлеме 8,75% болады.

Жалпы, инфляция баяулауының байқалған белгілерін, сондай-ақ коронавирустың жаңа штаммы – омикронға қатысты белгісіздіктің артуын және оның инфляциялық процестерге, сыртқы және ішкі сұранысқа әсерін ескере отырып шешім қабылданды.

Сұраныстың ұсыныс мүмкіндіктерінен асып өсуі нәтижесінде бағаның өсуін тежеу бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, көптеген елдерде инфляцияны жеделдету үрдісі сақталып отыр. Қытайдан басқа, негізгі сауда әріптестеріне жататын елдерде инфляция тарихи ең жоғары мөлшерде қалыптасады. Қазақстанда бағаның өсуі де жоғары деңгейде болып тұр. Азық-түлік инфляциясы мен ақылы қызметтер инфляциясының біршама баяулауы азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуімен өтелді. Халықтың жоғары инфляциялық күтулері қолда бар инфляциялық аяны күшейтеді. Шикізат нарықтарындағы салыстырмалы түрде жоғары бағалар мен карантин шектеулерін жеңілдету аясында ішкі экономика белсенді түрде қалпына келуде.

Әлемдік экономикадағы проинфляциялық процестер өсіп келеді. Бұл карантин шараларының әлсіреуімен, жинақталған жинақтардың көптігімен, сондай-ақ кейінге қалдырылған сұраныстың іске асырылуымен ынталандырылатын жаһандық тұтынушылық сұраныстың тез қалпына келуіне байланысты болып отыр. Ұсыныстың өсуі әлі де жеткізуге байланысты мәселелердің болуына және материалдар тапшылығына байланысты тез өсіп отыратын сұранысқа жол беруде.

Сыртқы факторлардың ішінде теңіз порттарындағы жағдайдың жақсарғанына қарамастан, әлі де ковидке дейінгі деңгейден алшақ болып отырған энергия бағасының өсуін және жаһандық жеткізу қатарының бұзылуын атап өткен жөн. 2021 жылғы қарашада Baltic Dry Index қазандағы ең жоғары деңгейден төмендеді. Алайда, бұл 2020 жылғы мамырдағы деңгейден 6 есе жоғары. Жаһандық инфляцияның жылдамдауына қымбаттап отырған азық-түлік бағасы да қосымша үлес қосады, бұл ұсыныстың төмендеуіне, экспорттаушы елдердегі ауа райының нашарлауына, сондай-ақ фрахт бағасының өсуіне байланысты. ФАО азық-түлік бағаларының индексі қарашада бір айлық мәнде 1,2%-ға өсіп, 2011 жылғы маусымнан бастап ең жоғары деңгейге жетті.

Осы факторлардың барлығы әлемдегі, оның ішінде Қазақстанның сауда әріптестеріндегі инфляцияның одан әрі жылдамдауына алып келеді. ЕО мен Ресейдегі инфляция 2021 жылғы қазанда тиісінше 4,4% және 8,1% құрап, тарихи ең жоғары деңгейде болып отыр.

Сыртқы сектор тарапынан инфляцияға қарсы қысым ішкі бағалардың өсуінде көрініс табады. 2021 жылғы қарашаның қорытындысы бойынша Қазақстандағы жылдық инфляция аздап баяулап, биылғы жылғы қазандағы 8,9%-бен салыстырғанда 8,7% болды. Бұл серпін азық-түлік тауарлары бағасының 11,3%-дан 10,9%-ға дейін және ақылы қызметтер бағасының 6,9%-дан 6,4%-ға дейін өсуінің баяулауына байланысты болды. Азық-түлік құрамдас бөлігі өсуінің қазіргі баяулауына бір айдағы серпіннің тұрақтануы және өткен жылдың жоғары базасы жағдайында майлар мен тоң майлар, қант және жұмыртқа дезинфляциясы айтарлықтай үлес қосты. Бұл ретте 2021 жылғы қарашада нан-тоқаш өнімдері мен жарма, ет өнімдері бағасының өсуі жалғасты, бұл өндірушілер шығындарының ұлғаюына, дәнді дақылдарды жалпы жинаудың төмендеуіне байланысты.

2021 жылғы қарашада жанар-жағар май, қатты отын бағасы өсуінің жалғасуы нәтижесінде жылдық азық-түлікке жатпайтын инфляция 7,8%-дан 8,3%-ға дейін жеделдеді. Жанар-жағар майдың тұтыну бағасының жылдық өсуі 22,3% (айлық өсу – 4,3%) болды: бензин құны 18,4%-ға (2,4%), дизель отыны – 46,6%-ға (14,6%) өсті. Отынның қымбаттауы өндірушілер бағасының өсуі жағдайында орын алып отыр.

Ақылы қызметтер бағасының жылдық өсу қарқыны 2021 жылғы қарашада 6,4% ға дейін баяулады. Бұл коммуналдық реттелетін қызметтер, қоғамдық тамақтану қызметтері, шаштараздар мен жеке қызмет көрсету орындары бағасы өсуінің баяулауына байланысты. Сонымен қатар тұрғын үйді жалға алу тарифтерінің өсуі жеделдеді.

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, соңғы айларда маусымдық тазартылған аннуализацияланған тұтыну бағаларының өсімі 2021 жылғы қарашада 5,6% болып (қазанда – 7,1%), маусымдағы ең жоғары деңгейден баяулауды көрсетуде. Аннуализацияланған базалық инфляцияны айлық бағалау инфляциялық процестердің 4-6%-дық нысаналы дәліз шегінде қатарынан екінші ай қалыптасуын білдіреді. Орнықты құрамдас бөліктер серпіні 2021 жылғы желтоқсанда және 2022 жылы нысаналы дәліз шегінде қалай тұрақтанатыны маңызды. Осы орайда тұрақсыз және жоғары инфляциялық күтулер кезінде осы серпіннің тұрақтылығына қатысты жоғары белгісіздік бар.

Халықтың инфляциялық күтулері бағаларға қосымша қысым көрсете отырып, артты. Инфляцияны бір жыл бұрын сандық бағалау 2021 жылғы қарашада 10,8%-ға жетті. Респонденттердің 35%-ы келесі 12 айда бағаның өсуі жеделдеуін күтуде, бұл бақылау кезіндегі ең жоғары мән болды. Соңғы айларда инфляцияны бақылау да жоғары деңгейде сақталуда.

Экономикалық белсенділік серпіні жедел қарқынмен қалпына келе отырып, алдыңғы болжамды раундтың оптимистік сценарийіне сәйкес қалыптасуда. Бұл шикізат нарықтарындағы жоғары әлемдік бағалар мен карантин шектеулерін жеңілдету аясында орын алуда. Қазақстанда осы кезеңде мұнай бағасы бір баррель үшін 69,3 АҚШ доллары болған кезде 2021 жылғы қаңтар-қазанда ІЖӨ-нің өсімі 3,5% болды. Тау-кен және өңдеу өнеркәсібі, сауда, құрылыс, ақпарат және байланыс, көлік және мемлекеттік сектор оң үлес қосты. 2021 жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша өндірістің қысқарғанын көрсеткен ауыл шаруашылығы экономиканың өсуіне тежеуші әсер етуде. Дәнді дақылдардың жалпы түсімінің төмендеуі бұл серпіннің негізгі себебі болды.

Үй шаруашылықтарының нақты сұранысын қалпына келтіру процесі экономикалық белсенділікке қолдау көрсетеді. 2021 жылғы екінші тоқсанда азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтерге кейінге қалдырылған сұранысты іске асыру жағдайында үй шаруашылықтарын тұтыну 8,1%-ға өсті. Сұраныс қатаң карантиндік шаралармен шектеліп, құлдырау шамамен 16% болған 2020 жылғы екінші тоқсандағы статистикалық базаның әсері халық сұранысының осындай өсуінің қосымша факторы болып табылады. Бөлшек тауар айналымының ағымдағы кеңеюі (2021 жылғы 10 айда 6,1%) және халықтың нақты кірістерінің артуы (2021 жылғы үшінші тоқсанда 5,8%) сұраныстың жалғасып отырған оң серпінінің индикаторы болып отыр. Бұл ретте 2021 жылғы шілденің аяғында және қыркүйектің басында байқалған COVID-19 таралуының ара-тұра өршуі сұраныстың толыққанды қалпына келуін шектеуді жалғастыруда.

Әлемдік мұнай нарығында бағаның ұзақ уақыт өсуінен кейін белгілі бір түзету байқалады. Коронавирустың жаңа штаммының таралуына байланысты қарашаның аяғы мен желтоқсанның басында бағалар бір баррель үшін 65-66 АҚШ долларына дейін төмендеді. Нарықтағы құбылмалылықтың өсуіне әсер ететін қандай да бір оқиғалардың пайда болуына қарамастан, тәуекелдер балансы нашарлау жағына ауысқан жоқ. ОПЕК+ биылғы жылғы 2 желтоқсанда өткен отырысында өндіруді тәулігіне 400 мың баррельге жоспарлы түрде ұлғайтуды көздейтін мәміленің ағымдағы өлшемдерін сақтау туралы шешім қабылдады.

ЕІА бағалауы бойынша, мұнайға әлемдік сұраныс 2022 жылдың ортасына дейін күшті болып қалады. Мұнай ұсынысы барынша қалыпты қарқынмен өсетін болады. Нарықта мұнай тапшылығы басым болмақ. 2022 жылдың екінші жартысынан бастап ОПЕК+ тарапынан қысқартулар көлемінің төмендеуіне және ОПЕК-тен тыс елдердің мұнай өндіруінің артуына байланысты мұнай ұсынысының өсуі сұраныстың өсуінен аса бастайды. Дегенмен, халықаралық ұйымдардың бағалауы бойынша, жалпы алғанда, мұнай нарығы оң серпінмен сипатталады. Бұл негізінен әлемдік экономиканың ковидтан кейінгі қайта қалпына келуіне қарай өсу қарқынының қалыпқа келуіне байланысты болады. Сауд Арабиясы Азия мен АҚШ-қа 2022 жылғы қаңтардағы мұнай жеткізудің сату бағасын көтерді, бұл коронавирустың жаңа штаммының таралуына қарамастан, әлемдегі ең ірі мұнай өндірушісінің мұнай нарығындағы сұраныстың жоғары болуына сенімдігін білдіреді.

Ағымдағы жағдайды және халықаралық ұйымдардың болжамдарын ескере отырып, экономиканы дамытудың базалық сценарийі бір баррель үшін 60 АҚШ долларынан 70 АҚШ долларына дейін, оптимистік сценарий – бір баррель үшін 80 АҚШ долларына дейін, пессимистік сценарий – бір баррель үшін 60 АҚШ долларына дейін көтерілді.

Жаңартылған базалық сценарийге сәйкес Қазақстанның ІЖӨ-нің күтілетін өсуі 2021 жылдың соңына қарай 3,7-4,0% деңгейінде сақталады. Негізгі салым ішкі сұраныс пен экспорт тарапынан күтіледі. Үй шаруашылықтарын тұтыну халықтың өсіп келе жатқан кірісі және тұтынушылық кредиттерді берудің өсу қарқыны жағдайында одан әрі қалпына келтіруді жалғастырады. Жалпы жинақтаудың өсуі экономиканың негізгі секторларындағы қәсіпорындар инвестицияларының өсуімен байланысты болады. Тұрғын үй құрылысына инвестициялар қосымша қолдау көрсетеді. Бұл ретте ішкі сұраныстың өсуі аясында импорт ІЖӨ-нің барынша жылдам өсуін тежейтін болады. ОПЕК+ мұнайды тәулік бойы өндіру жөніндегі шектеулерінің біртіндеп әлсіреуі, сондай-ақ сауда әріптестері болып саналатын елдердегі экономикалық белсенділіктің өсуі жағдайларында экспортты қалпына келтіру серпіні байқалатын болады. Мемлекеттің еңбекақы төлеуге және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шығыстарының баяулауына байланысты мемлекеттік басқару органдарының тұтынуы тарапынан теріс салым байқалатын болады.

2022 жылы ІЖӨ-нің өсу қарқыны шамалы төмендеу жағына қайта қаралды және 3,9-4,2% деңгейінде күтілуде. Қайта қарау Қазақстанның сауда әріптес елдерінде экономикалық белсенділіктің қалыпты өсуіне, жаһандық және жергілікті жеткізу тізбектеріндегі іркілістердің Қазақстан экономикасына барынша теріс әсеріне байланысты. Экономикалық өсуге эпидемиологиялық ахуалды біртіндеп жақсарту және 2021 жылмен салыстырғанда энергия ресурстарын өндіру көлемін ұлғайту ықпал ететін болады.

Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда шығарылым алшақтығының бағыты төмендеу жағына қарай қайта қаралды. Бұл жиынтық сұраныс компоненттерінің өсуі бойынша неғұрлым төмен бағаларға және жалпы экономикалық белсенділікке байланысты. Орта мерзімді кезеңде шығарылымның алшақтығы нөлге жақын белгілерде болады.

Баға өсімінің ағымдағы серпінін ескере отырып, Ұлттық Банк инфляцияның 2021 жылдың қорытындылары бойынша 8,5-8,7% шегінде қалыптасатынын күтуде. Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар Инфляцияға қарсы ден қою шаралары кешенін одан әрі тиімді іске асырған кезде инфляция болжамды диапазонның төменгі шегіне жақын қалыптасады.

Қысқа мерзімді кезең аясында азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтер инфляциясының болжалды жеделдеуі азық-түлік өнімдері бағасының өсу қарқынының одан әрі баяулауымен реттелді. Ақылы қызметтер құнының қалыпты өсуі болжанады, ол тұрғын үй-коммуналдық реттелетін қызметтер нарығында ағымдағы баға белгілеудің сақталуына негізделетін болады. Сыртқы инфляциялық ортаның сақталуы, азық-түлікке жатпайтын нарықтардағы инфляциялық процестердің қарқын алуы, тұтыну белсенділігінің қалпына келуі, жоғары инфляциялық күтулер және тауарлар мен қызметтердің өзіндік құнының өсуі арқылы ЖЖМ бағасы өсуінің жанама әсері бағаларға қатты қысым көрсетеді. Көмір бағасының да күтілетін өсуі аясында электр энергиясы тарифтерінің бұдан былайғы өсу тәуекелі бар. 2022 жылғы бірінші тоқсанда инфляцияның ең жоғары шегі күтіледі, содан кейін оның біртіндеп бәсеңдейтіні байқалады.

Орта мерзімді кезең аясында алдыңғы бағалаулармен салыстырғанда барынша жоғары сыртқы инфляциялық ая күтіледі. Бұл Қазақстанның сауда әріптестеріне жататын елдерде инфляцияны көтеру жағына қарай қайта қарауға және сыртқы азық-түлік бағаларының неғұрлым жоғары серпініне байланысты орын алып отыр. Шығарылым алшақтығының барынша қалыпты бағыты инфляцияның орта мерзімді серпініне сыртқы факторлардың әсерін өтейді.

2022 жылы Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешенін іске асыру жалғастырылатынын ескере отырып, инфляцияның 6,0-6,5%-ға дейін біртіндеп баяулауы күтілуде. Инфляцияның төмендеуін 2021 жылы қалыптасқан жоғары база ұстап тұрады. Сонымен бірге, тауарлар мен қызметтердің жекелеген нарықтарындағы теңгерімсіздікке, жаһандық және жергілікті жеткізілім тізбегінің топтап қалуына және жоғары инфляциялық күтулердің сақталуына байланысты проинфляциялық тәуекелдерді іске асыру 2022 жылғы инфляцияның болжамды мәнінен жоғары қалыптасуына алып келуі мүмкін.

Ұлттық Банк келесі шешімін инфляциялық күтулердің серпінін, инфляцияның орнықты құрамдас бөліктерін, сондай-ақ эпидемиологиялық ахуалдың сыртқы және ішкі сұранысқа әсерін ескере отырып қабылдайды. Күтулердің, инфляцияның және оның орнықты құрамдас бөліктерінің тұрақсыз даму ауыуы кезінде Ұлттық Банк монетарлық талаптарды барынша күшейтуді жалғастырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитетінің базалық мөлшерлеме бойынша кезекті жоспарлы шешімі 2022 жылғы 24 қаңтарда Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 15:00-де жарияланатын болады.

№97 (3422)
7 желтоқсан 2021
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Әсет ДЖУМАДИЕВ, ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментіне қарасты ЛА-155/18 мекемесінің бастығы, әділет подполковнигі:

«БІЗГЕ ХАЛЫҚ СЕНІМІ МАҢЫЗДЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Көптеген заңнамалар жетілдіріліп, өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Жаңа заманға лайықталған, әлемнің құқықтық реформа талаптарына сай, ізгілендіру принциптеріне негізделген Конституциялық, әкімшілік, азаматтық, банктік, салық, қаржы, кеден, экологиялық, қылмыстық, қылмыстық-іс жүргізу, қылмыстық-атқарушылық заңнамалар айтарлықтай жаңарды. Құқықтық саладағы мұндай ізденістер – ұлттық заңнаманы түбегейлі реформалау, оны озық әлемдік стандарттарға жақындату мақсатынан туды. Осыған сәйкес, ҚР Қылмыстық кодексіндегі кей баптар Әкімшілік кодекске ауыстырылды. Медиациялық әдісті қолдану аясы кеңіді. Жалпы алғанда, ізгілендіру процесінің тергеу изоляторларына тікелей қатысы болмаса да, құқықтық жүйедегі мұндай өзгерістердің әсері бәрібір сезіледі. Ізгілендіру негізінен тергеу изоляторынан гөрі түзеу мекемелеріндегі жазасын өтеушілерге тікелей қатысты. Бізде көбіне сотқа дейінгі қамақтағылар отырады. Ал жазасын өтеуге қалатындар көбіне ҚР Қылмыстық кодексінің 92-бабына сәйкес бұрын соттылығы болмаған, жағымды мінездемеге ие азаматтар. Олар сантехник, плотник секілді мамандықтар негізінде шаруашылық жұмыстарын атқарады. Ізгілендіру талаптарына барлық жағынан сәйкес келіп тұрса онда бұл азаматтар міндетті түрде сол санатқа енгізіледі.

Сондай-ақ, соңғы кездері пандемиялық жағдайға сәйкес, бізде бейнекездесулер ұйымдастырылып жүр. Бұл шара әсіресе, облыстарда, шалғай өңірлерде тұратындар үшін өте оңтайлы шешім болды. Олар қазір алыста отырса да біздегі баласы, жолдасы, бауыры, жарымен бейнебайланыс арқылы тілдесе алады. Арнайы контингентті қадағалау мен бақылауды ұйымдастырудан басқа, мекеменің тыныс-тіршілігі серуендеу, жуыну, тінту іс-шаралары, камераларды техникалық тексеру, сәлем-сауқат қабылдау, қысқа және ұзақ мерзімді кездесулер өткізу, адвокаттармен, сондай-ақ сотқа дейінгі қудалау органдарының қызметкерлерімен кездесу үшін арнайы контингентті шығару сияқты режимдік іс-шараларды құрайды.

Сонымен қатар, ұсақ және аса ауыр қылмыстарды ашу бойынша өзге де құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізілуде.

– Алматы – республикадағы үлкен мегаполистердің бірі. Осы үлкен қалада әртүрлі қылмыстың орын алып жататыны белгілі. Жалпы, сіздерге қандай қылмыстар бойынша азаматтар көп түседі?

– Мемлекеттің құқық қорғау органдарына әу бастан жүктеген негізгі міндеті адамның, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау. Конституция бойынша барлығымыздың еркін өмір сүруімізге кепілдік берілген. Сол себепті, біздің қоғамда ешкімді себепсізден себепсіз айыптап, қамамайды. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері тек нақты дәлелі бар күдіктіні ұстап, тергеуге жабады. Сот оның қылмысы дәлелденіп тұрса, әрине заң талаптарына сай жаза кеседі. Алайда, елде ізгілендіру процесі қарқынды жүріп жатса да, қылмыстардың азаймай отырғаны өкінішті.

ЛА-155/18 мекемесінде арнайы контингенттің саны 1400 орынды құрайды. Сот қаулысы бойынша қылмыс жасаған күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен ұстауға арналған республикадағы ең үлкен арнайы мекеме (тергеу изоляторы) болып табылады.

Қазіргі уақытта мекемеде ұсталатын адамдардың саны шамамен 1300 адамды құрайды. Мекеме 21 қалалық, 9 облыстық сот және сотқа дейінгі тергеу органдарына қызмет көрсетеді. Статистика бойынша жыл бойы шамамен 10 мың адам өтеді.

Олардың санаттары да, түрлері де әртүрлі. Соңғы кездері алаяқтық бабы бойынша түсіп жатқандар көп. Әртүрлі қаржылық пирамидалар арқылы елді алдап ақшасын алып кететіндер жетерлік. Ұрлық, тонау, адам өлтіру, зорлау, есірткі заттарын тарату, «салушылар» тағы да басқа қылмыстардың бәрі бар. Ең өкініштісі, осы есірткі тарату ісіне жастар, студенттер көп ұрынуда. Жастарды осы көлеңкелі бизнеске тартушылар азаймай тұр. Бұлардың көбі шалғай өңірлерден білім іздеп келген жастар. Өз бетінше табыс тапқысы келеді, тез байып кеткісі, қыдырғысы келеді, жаңа смартфон ұстасам дейді. Содан телеграммнан әртүрлі жарнамалар арқылы «жұмыс берушілермен» байланысады. Олар оған «тауарды» қайдан алып, қайда апарып қою керегін айтады. Бұл апарған жерін суретке түсіріп оларға жібереді, олар сондай бір нүкте үшін бұларға 1000 теңге төлейді дегендей. Әр жерде жапсырылатын жарнамалардың 90 пайызы осындай көлеңкелі бизнестер. Есірткіге қарсы күрес департаменттері, полициямен бірігіп қазіргі таңда бұларды құрықтап та жатыр.

Әйелдер арасында алаяқтық істері бойынша ұсталғандар көп. Біреулері қылмысқа ауыр тұрмыс тауқыметінен барғандарын айтса, енді біреулері үшін бұл «өмір сүру дағдысына» айналған. Бізге, сондай-ақ кәмелетке толмағандар да келеді. Олар өте ауыр қылмыстар (зорлау, адам өлтіру) бойынша түседі.

– ЛА-155/18 тергеу изоляторындағы тәрбиелік, режимдік жұмыстар жайлы айтсаңыз. Жалпы, кадр мәселесінде тапшылық жоқ па?

– Бізде бірнеше бөлім бар. Олар тәрбие жұмыстарымен, режим және күзет мәселесімен жұмыс істейді. Тәрбие жұмыстарымен айналысатын бөлім жазасын өтеушілермен бірнеше бағытта жұмыс істейді. Спорттық, концерттік іс-шаралар ұйымдастырады, мерекелерге дайындалады. Мұнда әрбір азаматқа арналған күнделік болады. Онда сол азаматқа қатысты бүкіл жұмыстар жазылады, оны барлық бөлімдегі қызметкерлер жазады.

– Жазасын өтеушінің түзелу жолы қалай жүзеге асып жатыр?

– Оның үш жағымды әрекеті, үш жағымсыз кері әрекеті жазылып, сол бойынша жұмыстар жүргізіледі. Мінездеме беріледі.

– Олардың тәртіптік режимі қалай орындалады?

– Бәрі жаңа айтылған дәптерде жазылады. Мамандар осы бағытта ізденеді, адамды зерттейді. Режим және күзет бөлімінің де, жедел бөлімнің де өздеріне бөлінген қызметтік функциясы бар. Аздаған кадр жетіспеушілігі бар, бірақ біз қолда бар кадрлармен жалпы жүйе жұмысын тыңғылықты атқаруға күш салып жатырмыз.

Карантиндік шараларды күшейту және COVID-19 коронавирустық инфекциясының арнайы контингентін жұқтыруға жол бермеу мақсатында мекемеден тыс жерлерге шығу тоқтатылды. Осыған байланысты қызметкерлерге күн сайын арнайы контингенттен шамамен 250 адам қатысатын онлайн сот бейне процестерін ұйымдастыру бойынша қосымша жүктемелер жүктелді.

Бұдан бөлек режим және күзет бөлімі ішкі тәртіптің бұзылмауын қадағалайды. Мәселен, тамақ блогына бөлінген жазасын өтеуші сол блоктан шығып кетпеу керек. Сегіз сағаттық жұмыс уақытын толық атқаруға тиіс. Оларға бұл жұмыстары үшін 60 мың теңгеге жуық жалақы төленеді.

– Олар айлықтарын қайда, қалай жұмсайды?

– Оны өздері шешеді. Кейбірі айыппұлдарын, алименттерін жапса, енді бірі жинайды, туыстарына жібереді, не болмаса осындағы дүкендерден өзіне керек заттарын алады.

– Изоляторда ондай мүмкіндік бар ма? Дүкендердің жұмыс істеу тәртібі қалай?

– Жазаны ізгілендірудің, цифрлық технологияның кейінгі игіліктерінің бірі осы интернет дүкендер. Бізде сырттан жұмыс жасайтын үш интернет дүкен болса, іште бір интернет дүкен бар. Бұл саладағы бәсекелестік ортаны қалыптастыру үшін іштен екінші дүкен ашылғалы жатыр. Интернет дүкен арқылы олар қалай сауда жасай алады деген сауалға тоқталатын болсақ, оның жолдары мен реті мынадай. Сотталғандар мен айыпталушылар терминал арқылы туысының телефон номерін жазады. Сол арқылы оның туысына смс хабарлама келеді. «Сіздің балаңыз сізден осындай мөлшерде қаражат сұрап отыр» деп. Егер сіз оған сұраған бес мың, он мың теңгесін аударсаңыз, фирма ол балаға сусын, нәски, темекі, ішкиім, дәретхана қағазы секілді керегін жеткізіп береді. Біз ол дүкендердің шектен тыс қымбат болмауын қадағалаймыз. Олар белгіленген тәртіп бойынша жұмыс істейді.

– Сәлем-сауқат қабылдау реті сіздерде қалай жүзеге асып жатыр?

– Президенттің «Еститін үкімет» принципіне сәйкес, министр халыққа жақындау керектігін, ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз етуіміз қажеттігін тапсырды. Біз үшін қай кезде де халық сенімі маңызды. Қазіргі таңда бізде осы бағытта көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Біздің мекемеге күніне 200-300-ге жуық адам сәлем-сауқат әкеледі. Бұрын оларды қабылдау уақыты таңғы 9-дан түскі 13.00-ке дейін болатын. Соңғы кездері біз елдегі пандемиялық ахуалға байланысты адамдар шоғырын азайту, кезекті сирету мақсатында бұл кестені өзгерттік. Қазір сәлем-сауқат таңғы 9-дан кешкі 18.00-ге дейін қабылданады. Бұл бір жағынан көпшілікке жақсы болса, өз қызметкерлерімізге біраз қиындықтар туғызды. Себебі, олар бұрын түске дейін сәлем-сауқат қабылдаса, түстен кейін оны таратумен айналысатын. Қазір енді олар кешкі алтыға дейін қабылдайды. Алтыда алған сәлемдемелерін сегіз, тоғызға дейін таратады. Екі топ бірігіп бірін-бірі алмастырып түскі үзіліссіз істейді. Мұның бәрі халыққа жеңіл болу жағын қарастырғаннан қабылданған шешімдер. Біздің мекеме қаланың шетінде орналасқан. Орталықтағы немесе қаланың басқа бағытында тұратындар үшін бұл жерге жету қиын. Сол себепті де біз қызметкерлердің аздығына қарамастан өз қызметімізді адал атқарып жатырмыз.

– Сотталғандар мен айыпталушылардың туыстарынан бұл мәселеге қатысты қандай арыз шағымдар түседі?

– Осыдан біраз бұрын мынадай жағдай болды. Мен осы сәлем-сауқат бөлімінен бір кісіні жиі байқап жүргенмін. Өтіп бара жатсам, әлгі азамат тұр екен. Сөйлесіп қалдық. «Байқаймын, сіз сәлем-сауқатты өте жиі әкелесіз. Неге?» – дедім. Ол кісі бірден: «Мұнда өте нашар тамақтандырады екен ғой» – деді. «Кім айтты?». «Ұлым айтты». «Жарайды, сіз сәлем-сауқатыңызды өткізген соң менің кабинетіме келіңізші» – дедім. Рас, мұнда біреудің баласы, біреудің жары, жолдасы, әкесі жатыр. Оларға осы жақындары қатаң қыспақта, аш жатқандай көрінетіні белгілі. Бірақ бұл қорқыныштар негізсіз. Өйткені, бізде мемлекет тарапынан бекітілген тамақтандыру нормалары бар. Онда әр адамға қанша мөлшер берілуге тиіс, оның құнарлылығы қанша көлемде болуы керек, бәрі-бәрі көрсетілген. Оны мен өзім, менің орынбасарларым күнделікті қатаң қадағалап тексеріп отырады. Медицина қызметкерлері санитарлық нормаларын күнделікті тексереді, тағамдар бекітілген мәзірлер бойынша дайындалады.

Сәлем-сауқатын беріп болған соң әлгі азамат менің кабинетіме келді. Кабинетке сол блоктың меңгерушісін шақырып бүгінгі дайындалған түскі астың бәрінен әкелуін өтіндім. Тура түскі астың уақыты болатын. Олар біріншіге борш, екіншіге етпен күріш, кампот, тұздалған қияр мен қызанақ әкелді. Осында стол жайдым да, жаңағы кісіге ас ұсындым. Ол кісі тамақтың бәрінен ауыз тиіп көрді де, «тіпті не дерімді білмей тұрмын» – деді. Мен ол кісіге: «Рас, бұл жердің тамағы ұлыңызға анасының әзірлеген асындай болмас, бірақ бәрі дайындалған мәзір негізінде беріледі. Өзіңіз көріп тұрсыз, мен бұл асты сізбен кездескен 20 минуттың ішінде әзірлетіп жіберген жоқпын, оған үлгермес те едім. Бұның бәрі таңертеңнен бері дайындалып жатқан тағамдар. Бұл жерде бір кемшілік болуы мүмкін, ол тұздың татымында ғана. Әйтпесе, мұндағылардың күнделікті ас мәзірі осындай. Жұрттың көзінше негізсіз айып тақпас бұрын мұндағы режимнің ретімен таныссаңыз екен» – дедім. Ол кісі сол арада кешірім сұрап, өзіне қорытынды жасап кетті. Кейде айыпталушыларда тамаққа емес, өзінің осындай күйге түскеніне қатысты өкпе, реніш, ашу-ыза, психологиялық ауыр ахуал болуы мүмкін. Олар сондай наразылығын осындай көріністермен сыртқа шығарады. Бұл бір ғана мысал. Бізде үйден әкелінетін тағамдарға тыйым жоқ. Сотталғандар мен айыпталушылардың туыстарын да түсінуге тырысамыз. Кейбір кісілер кездестірмедіңдер деп ренжиді, біз оларға кездесудің ретін айтамыз, түсіндіреміз, тергеушісінің байланысын тауып беріп жолын нұсқаймыз. Кейде мен өзім аналарына тіпті адресін сызып беріп, түсіндіріп жіберіп жатамын.

– Сотталғандар және айыпталушылармен жұмыс қарым-қатынасында қандай қиындықтар бар?

– Көп жағдайда адам өзін жазықсыз отырмын немесе тергеу процесі әділетсіз жүргізіліп жатыр деп ойлайды. Сөйте тұра олар өз наразылықтарын әртүрлі инстанцияларға жазуды жөн санамайды. Оның орнына өз қарсылықтарын денелеріне әртүрлі жарақаттар салу арқылы немесе аштық жариялау арқылы көрсеткісі келеді. Бұдан бөлек, камераға ешкім кірмесін, бізді тексермесін, тыйым салынған заттарды кіргізуіміз керек деп есептейтіндер бар. Қалай десек те, тәртіп ортақ. Бұл жерде ондай заңсыздықтарға жол берілмейді, жоспарлы тексеру тінту жұмыстары жүргізіліп тұрады.

– Мекемеде медицина қызметкерлері жеткілікті ме? Санитарлық бөлімдеріңіз дәрі-дәрмекпен толықтай қамтамасыз етілген бе?

– Иә, бізде дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз етілген. Бәрі жеткілікті. Бұл салаға арнайы қаржы бөлінген. Енді жеке мамандар (узкие специалисты) тарапынан сирек жағдайларда қымбат дәрілер жазылатын кездер болады. Сондай кездерде ғана дәріні туыстары арқылы алдыруға рұқсат береміз. Дәрігер мамандардың саны жағынан аздап жетіспеушілік бар. Өйткені, көп дәрігерлер мұндай психологиялық ауырлығы бар мекемеге батыл түрде келе бермейді. Дегенмен, біздегі мамандар өз ісінің шеберлері.

Пандемияға байланысты бізде вакцинация мәселесі 92 процент орындалды десек те болады. Сотталушылар мен айыпталушыларға өз таңдауымен вакцина салынады, түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Кей айыпталушылардың арасында вакцина салдырып келетіндері де болады. Ал қызметкерлердің арасындағы бірді-екілі аяғы ауыр азаматшалардан басқалары тегіс екпе алды.

2022 жылдың шілде айынан бастап тергеу изоляторларындағы медициналық қызмет толықтай Денсаулық сақтау министрлігіне өтеді. Ол кездегі жағдайдың қандай болатыны енді уақыт еншісінде.

– Әңгімеңізге рақмет. Істеріңіз сәтті болсын.

Сұхбаттасқан
Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ҚҰРЫҚ

«БАУЫРМАЛ» ЖІГІТ ҰСТАЛДЫ

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/18 мекемесінде тергеу тұтқынындағы бауырына темекінің арасына жасырып, апиын тектес таблеткалар өткізбекші болған жігіт ұсталды.

Нашақорлар арасында сұранысқа ие таблетканы түрмедегі бауырына тасымалдаған Мәлік деген жігіт болып шықты. Мәліктің інісі осы жылдың қазан айында Қылмыстық кодекстің 106-бабы бойынша денсаулыққа ауыр зиян келтіргені үшін тұтқындалған болатын. «Әдетте тергеу изоляторындағы туған-туыстары мен жақындарына тыйым салынған заттарды тасымалдаушылар түрлі әдісті қолданады. Етіктің ұлтанына тығып әкеледі, нанның арасына салады, конфеттің немесе шәйдің қорабына жасырады. Алайда, бақылаушылардың жіті тексеруі арқасында тыйым салынған заттар тұтқындарға жетпейтіні белгілі. Осы жолы да «LD» темекісінің арасына мұқият жасырған таблеткалар бақылаушылар назарынан тыс қалмады» – деп хабарлайды ҚАЖД баспасөз қызметі.

Түрмедегі інісіне деген «бауырмашылдығын» есірткі заттарын тасымалдаумен білдірген жігіттің өзі де енді жазадан тыс қалмайтын болды

Г.МАГЗУМОВА

МІНБЕР

ҚазҰУ – МЫҚТЫ МАМАНДАР ҰСТАХАНАСЫ

1991 жылы 16 желтоқсанда Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңға қол қоюы жаңа мемлекеттің шынайы егемендігінің бастауы болды. Осы тарихи сәт Қазақстанның ұлық мерекесі – Тәуелсіздік күніне айналды. Биыл еліміздің тәуелсіз мемлекет болғанына тура 30 жыл. Соған орай атаулы мерейтойды атап өтуге барлық сала атсалысуда. Оның қатарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультеті де бар.

Азат елдегі алғашқы қадам білім, ғылым саласын әлемдік өркениет талаптарына сай сапалық жағынан жақсартуға бағытталды. Ол үшін білім ордаларының материалдық мәселелері толық шешімін тауып, білікті маман дайындауға қажетті ресурстардың барлығы шешімін тапты. Білім беру саласында жүргізілген реформалар нәтижесінде заң факультетінде де үлкен өзгерістер орын алды. Атап айтар болсақ, осы жылдар ішінде ұлттық білім моделі қалыптасты. Жалпы, білім саласында адами ресурстар дайындығы сапасын арттыруға, жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыруға басымдық берілді. Салада толыққанды нормативтік-құқықтық база қалыптасты. Осы жылдар ішінде «Білім туралы», «Жоғары білім туралы», «Ғылым туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы», «Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерциаландыру туралы», «Педагог мәртебесі туралы» және басқа да заңнамалар қабылданды.

Отыз жылда білім саласы адам танымастай өзгерді. Еліміздің білім беру жүйесіндегі шынайы жағдайды түрлі халықаралық рейтингтегі көрсеткіштер нақты көрсетсе керек. Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдан-ақ беделді халықаралық рейтингтерге тұрақты түрде қатысып келеді. Ал бұл жайт елдің әлеуметтік-экономикалық саясатының ашықтығын дәлелдей түседі. Мәселен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS, THE, ARES сияқты ең беделді халықаралық рейтингтерге қатысады. Оның нәтижесі бойынша университет қазақстандық жоғары оқу орындары арасында талассыз көшбасшы болып табылады. Жоғары деңгейдегі сарапшылардың пікірін негізге алған тағы бір агенттік – Rank ProWorldwide Professional University Rankings ҚазҰУ-ды үздік деп таныды. Сонымен қатар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – «Asia Pacific Rank Pro World Leading Universities» рейтингінде ТОП–200 ішінде 176-орынға ие болып, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы университеттер қатарына кірген қазақстандық ЖОО-лар арасында да алдыңғы орында. Сонымен бірге ҚазҰУ QS Quacquarelli Symonds-Graduate Employability Rankings халықаралық рейтингінде өз позициясын нығайтып, 201-250 тобында бір сатыға көтеріліп, түлектерді жұмысқа орналастыруда да көшбасшылар қатарына енді.

«Жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі» индикаторы бойынша ҚазҰУ әлемде 55-орында. Бұл көрсеткіш оқу бітіргеннен кейін 12 ай ішінде толық немесе толық емес жұмыспен қамтылған түлектердің пайыздық мөлшерімен өлшенеді. Бұған қоса университет 75000-нан астам жұмыс беруші ұйым өкілдерінің арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде «Жұмыс берушілер арасындағы бедел» көрсеткіші бойынша әлемде 120-орынды иеленіп отыр. «Жұмыс берушілер мен студенттер арасындағы өзара байланыс» индикаторы бойынша да білім ордамыз әлемде 134-орында. QS аналитикалық орталығының директоры Бен Саутердің: «2022 жылы QS түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша үздік университеттердің жаңа рейтингісіне жеке индикаторлар бойынша шынымен де тамаша нәтиже көрсеткен үш қазақстандық жоғары оқу орны қатысты. Халықаралық мойындаудың бұл деңгейі Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің барлық жүйесінде амбицияның тез өскенін куәландырады» деуі ҚазҰУ-ға берілген жоғары баға.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің заң факультеті елімізге мықты заңгерлер дайындап отырған қара шаңырақ. Заңгер – қиын әрі күрделі, алайда өте қызықты және мәртебелі мамандық. 1934 жылы іргетасы қаланған заң факультеті көптеген жаңару мен өзгерісті басынан өткерді. Қазіргі таңда заң факультетінде құқықтану және кеден ісі мамандықтары бойынша мамандар дайындалады. Студенттерді даярлау үдерісі орта білім және жоғары білім негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар заң факультеті студенттерінің магистратура және PhD докторантураға түсуге мүмкіндігі бар. Бүгінгі таңда заң факультетінің ең күрделі ғылыми-тәжірибелік мәселелерді шешуге әлеуеті жетеді. Факультетте бір ҚР ҰҒА академигі, 30 доктор мен профессор, 80-нен аса ғылым кандидаты, доцент, сонымен қатар ҚР Парламенті, ҚР Үкіметі, ҚР Президенті Әкімшілігі, ҚР Жоғарғы Соты, Құқық қорғау органдары мен Ғылым академиясының жоғары тәжірибелі мамандары жұмыс жасауда. Олардың басым көпшілігі шет тілдерін меңгерген, АҚШ, Еуропа, Түркия және өзге де мемлекеттерде тағылымдамадан өтіп келген.

Ал біздің Қылмыстық құқық кафедрасы 1940 жылы Алматы мемлекеттік заң институты құрылған сәттен бастап өз функциясын атқаруда. 1955 жылдан бастап кафедра С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті заң факультетінің құрамына кірген болатын. Кафедраны осы уақытқа дейін С.Булатов, В.Маркелов, Г.Поленов, Е.Қайыржанов, Г.Баймурзин, А.Ағыбаев секілді білікті мамандар басқарған еді. 2008 жылдың қыркүйек айынан бері кафедраға з.ғ.д., профессор Р.Джансараева жетекшілік етіп келеді. 2011 жылы қылмыстық құқық және криминология кафедрасы, қылмыстық іс жүргізу және сот билігі мен криминалистика және сот сараптамасы кафедралары біріктіріліп, «Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы» деп аталған еді. Рима Еренатқызының жетекшілігімен кафедрада жүзеге асырылып жатқан шаралар, маңызды жұмыстар аз емес. Соның ішінде елімізге мықты заңгерлер дайындап қоймай, түлектеріміздің сұранысқа сай, қоғамнан өз орнын табуына да көмектесу біздің басты мақсатымыз.

Мұрат ДОСАНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы

БЕЛЕС

Тәуелсіз ел болу, ұлт ретінде өзіндік бағыт-бағдарыңды белгілеп, келбетіңді сақтау – үлкен арман. Бабаларымызға ертегідей көрінген осы бір тәтті арманның орындалғанына да отыз жыл толған екен. Тәуелсіз елдің азаматы атанып, Қазақстанның жеке мемлекет ретінде қалыптасу, даму, көркею тарихына куә болу біздің маңдайымызға жазылған екен. Енді осы қолымызға қонған бақтан ажырап қалмай, тәуелсіздікті тұғырлы ету жолында еңбек ету, ел дамуына үлес қосу баршамыздың азаматтық борышымыз.

БҮГІНГІ ЖЕТІСТІК – ЖАНКЕШТІ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ

У.ҚОШАНОВ,
Алматы аудандық №2 сотының судьясы, заң ғылымдарының кандидаты

1990 жылғы 25 қазанда жарияланған «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы» Декларациясы тәуелсіздікке қол жеткізудің алғышарты болды. Ал «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңының қабылдануы әлем картасында жаңа мемлекеттің пайда болғанын айғақтады. Осы тұста мемлекет тізгінін ұстап, егемен елде жасалған алғашқы қадамдардың басы-қасында тұрған азаматтарға үлкен жауаптылық жүктелді. Қай кезде де шешім қабылдаудың, тәуекел етудің қиын болатыны белгілі. Егер бұл жеке адамның тағдырына емес, жалпы мемлекеттің тағдырына қатысты шешім болса жауаптылықтың еселене түсетіні айтпаса да түсінікті. Осындай қиын да күрделі шақта дұрыс бағдар белгілеп, жолбасшы бола білген, ізіне жалпы жұртты ілестіре білген Елбасының шеберлігі, ерлігі туралы айтпай кетуге болмайды. Өйткені, егемен елде қол жеткен жетістіктер Тұңғыш Президенттің салиқалы саясатының жемісі.

Елбасы Қазақстанның беделін көтеріп, әлемде танымал болуына еңбек сіңірді. Мемлекетте жаңғыртулардың, жаңарулардың болуына мүдделік танытты. Өсемін, дамимын, сол арқылы елімді танытамын деген жандарға барынша қолдау көрсетті. Білім, ғылым, руханият, денсаулық, құқық, сот, экономика мен отандық өндірістің ешқайсысы Елбасы назарынан тыс қалған жоқ. Осы уақытқа дейін жасалған жолдаулардың барлығы Қазақстандағы іргелі істердің қозғаушысы, бағыттаушысы іспеттес. Барша жұртқа бағдар болған жолдаулардың нәтижесінде барлық саланың жұмысы алға басты, халықтың әл-ауқаты өсті, елдің танымалдығы артты.

Соның ішінде отандық сот саласының да халықаралық талаптарға сәйкес үлкен реформаларды басынан кешіргеніне халық куә. Еліміздің Бас заңы – Конституцияда сот жүйесінің мәртебесі нақтыланып, судьялардың тәуелсіздігіне толық кепілдік берілді. 1994 жылдың 12 ақпанында «Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» қаулысы шықты. Аталмыш қаулыда республикадағы сот жүйесін реформалау туралы жан-жақты айтылды. Атап айтқанда, сот әділдігін өміршең етуде соттардың кәсіби деңгейін көтеру, оларды ұйымдық жағынан нығайту, іс қарауда соттардың ешкімге тәуелді болмауын тиімділікпен арттырудың жаңа жобасы жасалды. Сондай-ақ, жалпы соттар мен төрелік сотқа жіктелудің де қажет емес екенін анықтап берді. Қаулыда судьялардың әлеуметтік жағдайын арттыру да маңызды мәселе ретінде қаралып, судьялардың құқығын мемлекеттік тұрғыдан және отбасы мүшелерін әлеуметтік тұрғыдан қорғап, қолдаудың үлгісі нақтыланды.

Осы уақытқа дейін атқарылған оң реформалардың нәтижесінде қазақстандық сот дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәселестік индексі жариялаған рейтингісінде «Сот тәуелсіздігі» аталымы бойынша өз көрсеткішін көптеген позицияға жақсартты. Бұл көрсеткіштің артында Мемлекет басшысының қолдауынан бөлек, Жоғарғы Сот тізгінін ұстаған төрағалардың біліктілігі, судьялардың бірлігі, жұмыла жасаған берекелі жұмысы жатыр. Егеменді елдің еңсесін тіктейтін бастамалар жалғасты болғай.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

ПІКІР

КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ...

Тәуелсіздік күні – Отанымыз үшін қастерлі мереке. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға бар өмірін сарп еткен хан-сұлтандар мен батырлар еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Ел ертеңі үшін жанын құрбан еткендердің ерлігін жас ұрпақтың санасына сіңіру – отаншылдық рух қалыптастырудың қайнар көзі.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде елеулі табыстарға қол жеткіздік. Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің орнығуы, ұлттық қауіпсіздік пен экономикамыздың жедел қарқынмен дамуы, халықтың өз болашағына деген берік сенімінің орнығуы өркениетті әлемде іргелі елге айналудың стратегиялық негізгі бағытын құрайды. Сондықтан бұл күн жас мемлекетіміз үшін – біртұтас елдіктің, ынтымақтастық пен татулықтың, сонымен қатар өткенге деген тағзымды салауат пен болашаққа деген үміттің мерекесі болып табылады.

Еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметпен басымызды иіп, Қазақстанға деген құрмет сезімін қалыптастыратын ұлық мерекеде алға қарай берік сеніммен қарап, отаншылдық бағытындағы іс-әрекетті жалғастыруымыз керек. Ата-бабамыздың алдында тәуелсіздік үшін күресу мақсаты тұрған болса, біздің алдымызда оны нығайта түсу міндеті тұр.

Ендеше әрқашан да әрқайсысымыздың «кішкене отбасымыздан басталатын кең-байтақ ұлы Отанымыздың» Тәуелсіздік күні құтты болсын, көк аспанымызбен таласқан көк Туымыз әрдайым биікте желбірей берсін! Көк тудың желбірегені – көп ұлтты мемлекеттегі татулық пен бірліктің жарқын көрінісі.

Ш.ТҰҢҒАТАРОВА,
қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

«ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ БОЛСА – ТӨБЕДЕГІ КЕЛЕДІ...»

«Төртеу түгел болса – төбедегі келеді, алтау ала болса – ауыздағы кетеді» дегенді данышпан бабаларымыз тегіннен-тегін айтпаған. Бірлігі жоқ елде береке болмайды. Ал ынтымағы жарасқан елдің ырысы мол, татулығы жарасымды. Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп екені ешкімге құпия емес. Сондықтан тәуелсіз ел атанған Қазақстанның бүгінгі жетістігі халықтың ынтымағы мен бірлігінің нәтижесі десек шындықтан алыстамаймыз.

Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Азаттықтың жолында қазақ халқы қаншама қиыншылықты, жоқшылық пен азапты басынан кешірді. Осы жолда талай боздақтарымыз құрбан болды. Бірақ ұлттық рух пен жігер-күш бізді бүгінгідей мамыражай бейбіт күнге жеткізді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев кезінде «Тәуелсіздікті алғаннан тәуелсіздікті ұстап тұру анағұрлым қиынырақ» деген еді. Сол сөздің жаны бар. Егемендікті алу бар да, соған лайық іс-әрекеттер жасау, даму, ел іргесін бекіту мүлде бөлек мәселе. Осыған орай егемендік алған сәттен бастап Қазақстанның өткенін бағалап, келешегінің кемел болуына барлық жағдай жасалды. Кез келген құрылымның ұлттық болмысымызды ескере отырып, халықтың тілегі мен талабын басшылыққа ала отырып дамығаны белгілі. Отандық соттың да тамырына қан жүгіртіп, тынысын ашуына тәуелсіздіктің әсері ерекше. Тәуелсіздік сот саласын түлетті, жаңғыртты, жаңартты.

Тәуелсіздік алған кездегі соттың жағдайы мен бүгінгі соттың жағдайын салыстыру мүмкін емес. Егемендік алған тұста сот қызметінде болған аға-апаларымыз сот ғимараттарының қандай қиын жағдайда болғанын, жазу машиналарында жұмыс істеудің машақатын, қағаз-қалам тапшылығын шешудің өзі күрделі болғанын айтқанда біз бүгінгі күнімізге тәуба айтамыз. Өйткені, бүгінде судьялар сәулетті, жаңа, қауіпсіздігі жоғары ғимараттарда сот төрелігін жүргізеді. Елбасы жариялаған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 20-қадамын орындау мақсатында республиканың барлық сот залдары дыбыс-бейнетіркеу жүйесімен, соның ішінде, бейнебайланыс құрылғыларымен толық жабдықталды. Озық технологияның сот төрелігінде пайдаланылуы нәтижесінде бұқараның басым бөлігі қағазбастылық пен соттардағы әуре-сарсаңнан арылып, сот ғимаратына келмей-ақ сот төрелігіне қол жеткізуге мүмкіндік алды. Еліміздің барлық соттарында арызды беру және тіркеуден бастап, заңды күшіне енген сот актісін орындауға жібергенге дейінгі сот ісін жүргізу процесі түгелдей дерлік электронды форматқа көшірілді. Сот отырыс залдарының барлығына дыбыс-бейне жазу құрылғылары орнатылған. Бұрынғыдай сот мәжілістеріндегі әр адамның сөзін машинкаға басудың қажеті жоқ. Құрылғыға жазылған таспа сот хатшыларының жұмысын анағұрлым жеңілдетті. Сотқа шақыру, сот құжаттарын табыс ету, сауалдарға жауап берудің өзі жаңа технология көмегімен жүзеге асырылады. «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі қаншама жүкті жеңілдетіп отырғанын баршамыз білеміз. Осы игіліктің бәріне тәуелсіздіктің арқасында, егеменді елде сот құрылымына жасалған қолдау мен тұрақты қамқорлықтың арқасында қол жеткіздік. Бүгінде елімізде әлемдік құқықтық стандарттарға және қоғамның талап-тілегіне жауап беретін сот жүйесі орнықты. Тәуелсіз елдегі заң үстемдігі мен әділеттің кепілі болып отырған қазақстандық соттың болашағы жарқын деп сенеміз.

Н.БАТЫРХАН,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КИЕ

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ

Бүгінгі қоғамда заң, құқық қорғау органдарында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру өзекті тақырып. Сондықтан бұл бағыта кешенді жұмыс атқарылып жатыр. Сот жүйесінің қызметкерлері қазақ тілін еркін меңгеріп қана қоймай, заң талаптары мен жаңа нұсқаулықтармен танысып, сот істерін мемлекеттік тілде қарап, іс-қағаздарын сауатты жүргізуді дұрыс жолға қойған.

Еліміздің Конституциясында «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп анық жазылған. Тіл – қазақ халқы пайда болғаннан бері бірге жасасып, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан ұлттық құндылығымыз, біртұтас ұлт екеніміздің айғағы, баға жетпес асыл қазынамыз. Өзіндік мінез-құлқымызды, салт-дәстүріміз бен табиғи болмысымызды осы ана тіліміз ғана айшықтап тұрады. Ендеше туған елге, жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім өз ана тілінде еркін сөйлеп, оны шексіз сүюден басталады. Ал қазақ тілі – көркем сөздік қоры мол, шұрайлы да әдемі тіл. Мемлекеттік тілдің көкжиегін кеңейту үшін әркім өзінің отбасындағы ағарту жұмыстарын қолға алғаны жөн. Белгілі ғалым Махмұд Қашқари «Тәрбие басы – тіл» деп бекер айтпаған. Яғни, әр шаңырақта дүниеге келген бала былдырлап сөйлей бастағанынан бастап ойлау жүйесі, дүниетанымы мен айналаға деген көзқарасы қалыптасады. Осы уақытта оның санасына болашағына қажет, рухани азық болатын ең басты ұлттық құндылықтарды сіңіру аса маңызды. Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді дәл сондай нышан» деп, қазақ тілінің қоғамдағы рөлін айқындап берді. Сондықтан қазақ тілін білу, оған құрметпен қарап, қадірлеу – еліміздің әрбір азаматының қасиетті парызы. Әрине тіл мәселесіне келгенде, бұл уақытқа дейін туындаған түйткілді мәселелер жоқ емес. Қазіргі ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тіл мәселесіне ерекше көңіл аударып, «Қазақ тілі – қазақтың жаны» екенін және «Халқымыздың тарихы да тағдыры да – тілінде» деп баса айтты. Сол себепті, Мемлекет басшысы болашағын Қазақстанмен байланыстырған әрбір ел азаматы қазірден бастап қазақ тілін оқып-үйренуге ден қоюы керектігін алға тартты. Халқымыз замана көшінен қалып қойған жұрт емес. Әлем елдерімен иық теңестіріп, Тәуелсіздік көгінде еркін самғап келеді. Биыл егеменді, азат ел болғанымызға 30 жыл. Бұл өткеннен сабақ алып, жарқын келешекті бағдарлап, бүгінгі бейбіт күнде елге адал қызмет етіп, бақытты ғұмыр кешетін тамаша кезең. Сондықтан ұлттық, рухани және мәдени құндылықтарымызды дамытып, көздің қарашығындай сақтауға сүбелі үлес қосуға атсалысуымыз қажет.

Баршамызды мемлекеттік тілдің кең қанат жайып, өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбектенуге шақыратын ортақ мүдде біріктіреді. Ендеше жүрегі қазақ деп соққан әрбір азамат, осы жолда өз ар-ұжданы алдында адал, жалпының игілігін көздеген мақсатына берік болуы қажет. Сонда ғана қазақ тілінің көсегесі көгеретіні анық.

Назым СӘТПАЕВА,
Өскемен қалалық соты
кеңсесінің бас маманы сот
мәжілісінің хатшысы

ТАҒЫЛЫМ

Түп шежіресі сонау ежелгі түркіден бастау алатын «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының бағзы заманнан бері қабырғалы қалпын, салиқалы салтын сақтап қалғаны – еркіндік сүйгіш жігерінің, асқақ рухының арқасы. Қазақ мемлекеттілігінің түпкі негізі сонау сақтардан басталып, ғұн, қаңлы, қыпшақ, Ақ орда мен Қазақ хандығының жалғасы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті.

ЖЕЛТОҚСАН ЖАНЫМЫЗҒА НҰР СЕПТІ

Қазақ елінің еркіндігі, тәуелсіздігі үшін тарихта ерекше орын алатын көтерілістер: Сырым Датұлы, Кенесары Қасымұлы, Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Таймануұлы бастаған және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістер болды. Сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманынан бастап, қынадай қырылған 1930–1933, ел тізгінін ұстаған азаматтардан айырылған 1938 жылға дейінгі аралықта халқымыздың осынау кең далада өмір сүруі, тарих бетінен ұлт болып жойылып кету қаупі төніп тұрған еді. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Иса, Досан, Шотан батырлар, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген бабаларымыздың есімдері алтын әріппен тарихта қалды.

Тәуелсіздік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған бабалар рухынан қуат алған ызғарлы Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының қасіреті де, қасиеті де жетерлік тарихына айналды. Иә, Желтоқсан оқиғасы қаншама ызғарлы естілсе де, жанымызға нұр септі. Желтоқсан жаңғырығы бізге Тәуелсіздіктің таңын әкелді.

Еңсемізді тіктеп, егемен ел болып, өз алдына отау тігіп дербес мемлекет атанған Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да тастай берік төзімділіктің арқасында, жалпақ әлемге өзінің өршіл үнін, өркениетке деген үмітін мойындатты. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған ұлан-ғайыр атамекен жеріміз, отарлық жоя алмаған тіліміз, мәдениетіміз тек қана қазақтың рухының күштілігімен сақталды.

Біздің Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктері, қазақ халқының егеменді заманда жаңаша ерекше өрлеуі, өркендеуі, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүниежүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереземіз тең, дәулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы – біздің мемлекеттің Тәуелсіздігінде.

Қуандық МОЛДАҒАЛИЕВ,
Бөкей ордасы аудандық соты
кеңсесінің аға сот приставы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Дорчеказак Констракшн энд Префабрикейтед Бьюлдинг Индастри Ко ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Бейнеу филиалы, БСН 071141022659, заңды мекенжайы немесе тіркеу және қайта тіркеу мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Нұркент ықшамауданы, 76, 39 пәтер, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда (Кез келген нақты мекенжай) қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 62А, 050000. Тел.: 87273410509.

4. «Алакөл Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БСН 110140001737 (040200) Қазақстан Республикасы, Алматы обл., Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Қабанбай батыр көшесі 121 үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады. Алматы обл., Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Қабанбай батыр көшесі 121 үй. Тел: 87023633927.

6.«Первые шаги» жеке қоры, БСН 170440002797, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 201 үй. Тел.: 87772125022.

7. «Бозкөл» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативі БСН: 170140002191.Заңды мекенжайы:
Қызылорда облысы Қазалы ауданы, Бозкөл ауылы, А.Жолжанов көшесі 16 үй. өзінің жабылатынын хабарлайды.Арыз-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бозкөл ауылы, А.Жолжанов көшесі 16 мекенжайы бойынша қабылданады.

9.«Alma-Ata Investment Group» ЖШС, БСН 201240023357 (Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 60 үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жамақаев көшесі, 254Д үй. Тел.: 87018708881.

14..«v chehle» ЖШС (БСН 191240026208), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Красный Яр ауылы, Октябрьдің 50 жылдығы көшесі, 2 үй, 12 пәтер.

15.Түркістан облысының «Әділет» құқықтық кеңесшілер палатасы, БСН 191040015949, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 215 үй, пошта индексі 161200.

ӘРТҮРЛІ

3. «Эстетикалық бағыттағы мектеп – гимназиясы» КММ, БСН 990840002079 коммуналдық мемлекеттік мекемеден, шаруашылық жүргізу құқығындағы Эстетикалық бағыттағы мектеп – гимназиясы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ретінде қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Самал көшесі 74, почта индексі 090000, жұмыс телефон: 8(7112)24-03-42, жеке телефон 87052455888.

5. Шымкент қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 29 қарашадағы ұйғарымымен «F-строй групп» ЖШС-не қатысты, БСН 160740022166, заңды мекенжайы: Қазақстан, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Северо-Восток ықшамауданы, құрылыс 304Г, пошта индексі 160023, оңалту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: Қазақстан, Шымкент қаласы, «Түркістан» ықшамауданы, А.Жүсіпов көшесі, 9/1 үй. Тел.: 8(7252)486034, ұялы: 87017710209.

8. «МФО STAR» ЖШС, БСН 090240011325, өзінің несиегерлері мен мүдделі тұлғаларға жарғылық капиталының жетпіс миллионға дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Шагабутдинов көшесі, 125А, н.п.45. Тел.: 87272920203.

11. «Восток Ломбард» ЖШС (БСН 190440000348), микроқаржылық қызметті (ломбард қызметін) жүзеге асыру үшін берілген лицензияның әрекетін тоқтату туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігіне өзінің ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Лицензияның нөмірі 16.21.0003 Л, 25.02.2021ж. берілген.

12. «Ломбард «Алтын Хан» ЖШС (БСН 190540029062), микроқаржылық қызметті (ломбард қызметін) жүзеге асыру үшін берілген лицензияның әрекетін тоқтату туралы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігіне өзінің ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Лицензияның нөмірі 16.21.0019 Л, 12.03.2021ж. берілген.

13. Салем Кредит» «МҚҰ» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының 04.11.2021 жылғы №7 хаттамасына сәйкес серіктестіктің жаңа орналасқан жері келесі мекенжай бойынша бекітілді: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 502 үй, 8 қабат.

МҰРАГЕРЛІК

10. 4 қаңтар 2017 жылы қайтыс болған Макулбекова Жумакульдің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 81А..Тел.:87773677972.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН

«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ **«ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА»** БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

Барлық сұрақтар бойынша: 87089299874 (Аян)

ДҮҢГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** басылымдары енді **«Караван-Престиж»** Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді **«Алты Алаш»** сауда нүктелерінен таба аласыз. **Тел.: 87015728847.**

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

ШЫРМАУЫҚ

Түн. Көктемнің бірінші айының бас кезі. Қаланың шет жағындағы 3 қабаттан тұратын көп үйлердің біріндегі пәтерде тұрғындар әлі ұйқыға жата қоймаған. Ас үйден арақ ішіп масайған адамдардың гүрілдеген дауыстары, боқтана сөйлеп, дарақылана күлгендері анық естіледі. Тоғыз айлық баласының ұйқы бермей мазасын алғаны аздай, мына шудан басы қатқан Евгения өзі де араққа кетәрі емес болғандықтан ба, бөлмесінен шығып, еріккен жігіттердің қасына барып отырды. Бұл кезде Евгенияның жолдасы Вячеслав араққа әбден қызып алған, қасында отырған Юрийге өзінен басқа ешкімге керексіз бір нәрсені дәлелдеп, даурығып отырған.

«О, бүгін әйелің неткен сүйкімді еді...» – деді араққа мейлінше тойып алған Владимир орнынан тұра беріп. Осыдан соң ол Евгенияның кеудесіне қарай бір қолын соза, екінші қолымен белден ала түспекші болып ұмтылды. Евгения қолды қағып жіберіп, орнынан тұра берді.

Вячеслав кешкісін үйге Владимирді өзі ертіп келген болатын, сонысына қарамай әбден даурығып алған ол «сен бүгін бәрібір менікі боласың...» – дей келе, ортаға шығып, өзінше қиқаңдап билей жөнелді. Сол сәтте ішіне кірш етіп бойлай кірген пышақ жарақатынан Владимир тәлтіректеп барып гүрс етіп, еденге құлап түсті. Үй іші у-шу, абыр-сабыр болды да кетті. Үстел басындағылар білгенінше әрекет жасап, Владимирді өлімнен алып қалмақшы болғанымен, одан нәтиже шықпады. Владимирдің халі тез арада агонияға ауысып, қол-аяғы қалтырап, әп-сәтте жан-тәсілім етті. Басында асып-сасқанымен, тез есін жинаған үстелдестер полиция жеткенше бостан бос, қол қусырып отырмаған еді.

АДАСУ

Тергеу кезінде жасы жиырмадан енді асқан Вячеслав пен Евгенияның екі-үш жылдан бері екі бөлмелі пәтерде бірге тұрып жатқаны, ол пәтердің Евгенияның қайтыс болған әжесінен қалғаны анықталды. Екеуінің тоғыз айлық баласы бар екен. Сол түні Вячеслав достарымен арақ ішіп көңілді отырған. Осы кезде қастарына Евгения келіп, оны көрген Владимир Вячеславтың бірге отырғанына қарамастан, әйелді құшақтап, онымен жақындасуға ниеті барын жасырмайды. Қонақтың мына озбырлығына жаны шыдамаған Евгения Владимирдің денесіне құлаштай пышақ ұрған болатын.

Нәтижесінде көп мөлшерде қан жоғалтқан Владимир көп ұзамай қайтыс болады. Бұған байланысты айып Қылмыстық кодекстің 106-бабы 3-бөлігімен қарастырылған, заң тілінде біреудің денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіру салдарынан жәбірленушінің абайсызда өлімге душар болуы деп аталады.

Вячеслав осы қылмыстың куәсі ретінде танылып, Евгения қылмысты жасағанын ішінара мойындады. Оқиға болған жерде сол түні бұлармен бірге болған Юрий дәлізге шығып кеткендіктен қылмыстың қалай жасалғанын нақты айтып бере алмады. Евгения күдікті ретінде қамауға алынып, қылмыстық іс осы сарынмен қалалық сотқа түсіп, бірінші сатыдағы сот үкімімен Евгения 8 жылға бас бостандығынан айырылды. Сөйтіп, қылмыстық іске нүкте қойылады. Бірақ Евгения үкімге разы болмай, жазаны жеңілдету мақсатымен облыстық сотқа апелляциялық шағыммен жүгінеді.

ШАҒЫМ

– Мен 13 жасымда зорлыққа ұшыраған әйелмін, маған әр еркек зорлық жасайтын болып көрінеді. Сол қорқынышпен мен жәбірленушіден қорғану үстінде қылмысқа бардым. Менің емізулі балам бар, сондықтан үкімді өзгертіп, жасаған қылмысымды қайтадан саралап, маған бас бостандығымнан айырмайтын жаза тағайындауыңызды сұраймын деген Евгенияны тыңдап болған судья, сотталғанға қоятын сұрақтарыңыз бар ма деп прокурорға, қорғаушыға, іс бойынша жәбірленуші болып танылған Владимирдің шешесіне қараған.

Прокурор мен қорғаушының қояр сұрағы жоқ болып шықты. Ал жәбірленушінің шешесі қылмысты Евгения емес, Вячеслав жасаған деп ойлайтынын айтып, оған жасамаған нәрсені неге мойныңа алып отырсың деп төтеннен сауал тастады. Алайда сотталған өз жауабынан тая қоймады.

Осыдан кейін шындықты білуге енді ешкімнен көмек күтпеу керек екенін ұққан судья Евгениядан қосымша жауап алуға өзі кіріскен еді.

– Айтыңызшы, сол күні үйіңізге Юрий қашан келіп еді?

Бұған Евгения «Юрий Вячеславтың жақын досы, ол бізбен бірге тұрады, үйдің екінші бөлмесін соған уақытша бергенбіз, сондықтан ол Вячеслав пен Владимир келгенде үйде болатын», – деген жауап қайтарды.

– Сонда қалай, іс материалдарында Юрий жұмыс істемейді делінген, сонда ол күні бойы сізбен бірге болды ма?

Бұл сұраққа Евгения кібіртіктеп барып: «жоқ, ол күндіз кетіп, кешке таман қайтып келген болатын» – деп жауап берді.

– Оқиға болған жерді қарау хаттамасымен бірге тіркелген фотокестеде үйдің екінші бөлмесінің астаң-кестеңі шығып жатқаны, кей жерлерінен қанға ұқсас дақ бары байқалады, бұл бөлмеде қандай оқиға болып еді?

Евгения сәл ойланыңқырап барып, «ол бөлме Юрийдікі емес, Виктордікі. Викторға біз ол бөлмені жалға тапсырғанбыз. Сол түні Виктор мас болып келіп еді, бөлменің кілтін жоғалтып алып, бөлмесіне есікті шағып кіріп еді, оқиға болған кезде ол өз бөлмесінде ұйықтап жатқан» – деген жауап берді.

– Сонда қалай, Сіздің пәтеріңіз неше бөлмеден тұрады өзі?

– Пәтер үш бөлмелі, – деген жауапқа таңқалған судья келесі сұрағын полицияға бағыттады.

– Сіздер келгенде Виктор өз бөлмесінде болды ма?

Викторды да полицияның өздерімен бірге алып кеткенін естіген соң судья өз таңданысын жасыра алмай фотокестеге тағы үңілді.

– Айтыңызшы, расында, фотода мына бір бөлме бос тұр ғой, ішінде ескі терезелерден басқа ештеңе жоқ, бұл не бөлме?

– Юрий сол бөлмеде тұрған, біз оған төсекті еденге салып беретінбіз.

– Владимирдің мәйітінен пышақ жарақатынан басқа, ұрып-соғып келтірілген жеңіл түрдегі дене жарақаттары табылған, олар қайдан пайда болған?

Бұл сұраққа Евгения ұзақ ойланып барып, «Владимир қайта-қайта маған көңіл аудара бергендіктен Вячеслав ыза болып оны соғып тастап еді. Таяқ жеген Владимирдің баратын жері жоқ болғандықтан мен оған Юрий жататын жердегі еденге төсек салып бердім де, өзім баламның жанына барып жатып қалған болатынмын» – деп жауап берді.

– Сонда Юрий қайда жатуы керек еді? – деген сұраққа Евгения ойланбастан «Вячеславтың қасына жата салушы еді» – деп жауап қайтарды.

– Олай болса, Виктор үйге қай уақытта келіп еді, Владимир таяқ жегеннен кейін бе әлде оның алдында ма?

– Виктор мен жатып қалған соң келді, ол мас күйінде өз бөлмесінің есігін бұзып кірген кезде, ызаланған Вячеслав оның бөлмесіне барып оны да соққыға жыққан болатын.

– Сонда қалай болғаны, Вячеслав сол түні екі адамды сабап тастады ма?

– Иә, екеуін де соққыға жыққан, бірінен кейін бірін.

– Айтыңызшы, Владимир мен Виктор таяқ жеп ұйықтап жатуы керек болатын, ас үйде Вячеслав пен Юрий ғана қалған, сонда оқиға түннің қай уағында болған? Сіз Владимирді қай кезде пышақтап үлгердіңіз?

Евгения өз жауаптарының қисыны барған сайын бастапқыдан өзгешеленіп бара жатқанынан қорықты ма әлде ендігі сұрақтар бұдан бетер күрделеніп кетеді деді ме, белгісіз, жауабын күрт өзгертті.

– Оны өлтірген мен емес, мен пышақтаған жоқпын...

– Енді кім?

– Білмеймін, кім пышақтағанын көрген жоқпын. Маған кінәні өзіңе алсаң түк етпейді, себебі кішкене балаң бар және сен жәбірленушіге қорғану кезінде пышақ салып алған болып шығасың, яғни сот бас бостандығыңнан айырмайды деген соң кінәні өзіме алып едім...

– Шындығын айтыңызшы, сонда оқиға қалай болды?

– Владимир кеудеме қолын созған кезде, оның қолын қағып жіберіп, балам жатқан бөлмеге жүгіріп кіріп кеткен болатынмын... Гүрс еткен дыбысты естіген кезде ас үйге қайта жүгіріп бардым, Владимир еденде құлап жатыр екен, ал Вячеслав пен Юрий оған еңкейіп, көмек көрсетпекші болып жатқан, мен не болғанын түсінбей қалдым.

– Вячеслав пышақты жәбірленушіге сіз салып алды деп отыр ғой?

– Юрий Вячеславтың жанында болды ғой, ол жәбірленушіге пышақты кім салып алғанын көрген жоқпын дейді. Ол не маған, не Вячеславқа қарсы жауап бере алмай отыр. Маған қарсы жауап бермейді, себебі жала жапқысы келмейді. Вячеславқа қарсы жауап бермейді, себебі олардың түсінігі бойынша бір-біріне қарсы жауап берсе досын сатқан болып саналады. Не болмаса пышақты Юрийдің өзі салып алды. Бірақ, Владимирге пышақты кім салғаны белгісіз, себебі полицияға қоңырау шалғанда, Вячеслав пышақты өзі салып алғанын айтқан болатын.

– Ал сізге кінәні өзіңізге ал деп кім үйретті?

– Полиция қызметкерлері үйретті. Олар маған қылмыстың осылай ашылғаны дұрыс деді. Барлықтарың жеңіл құтыласыңдар деп үгіттеді. Мен Владислав бұрын сотты болғандықтан, көп жылға сотталып кетеді деп қорықтым, – деп түсіндірді Евгения өз жауабын өзгерту себебін.

КІНӘСІЗ

Осылайша сол кезде қолданыла бастаған жаңа Қылмыстық-процестік заң талабына сәйкес істі апелляциялық қарау тәртібі өзгертіліп, сотқа куәлігі маңызды болып танылатын жекелеген куәлар шақырылып, олардан жауап қайтадан алынатын болып шешілді.

Юрий сотта ас үйден темекі тартпақшы болып дәлізге шыққанын, Владимирдің гүрс етіп құлағанын естігенде, оның қасында Вячеслав тұрғанын айтты. Евгения дәл сол кезде өз бөлмесінде болғанын көрсетті. Сонымен бірге алдында Вячеславтың жанында Евгения да болды дегенді полицияның үйретуімен айтқанын жеткізді. Осыдан соң прокурордың өтініші негізінде үкім бұзылып, қылмыстық іс прокурорға жаңа айыптау актісін жасауға жолданатын болып шешілді.

Алайда қайтадан сотқа келіп түскен жаңа айыптау актісінің аты ғана жаңа болып шықты. Евгенияға тағылған айып сол күйінде қалғаны анықталды. Жаңалық Вячеславтың көрсетуімен Александр деген жаңа куәнің пайда болғанында ғана екен.

Сотта куә ретінде жауап алынған Вячеслав Александр да сол түні өздерімен бірге болғанын көрсетті. Евгения Владимирге пышақ салып алғанын Александрға өзі мойындаған деді ол. Вячеславтың айтуынша сол тұста Александр дұрыстау жұмысқа енді ғана орналасқандықтан, арақ ішіп, қылмысқа куә болғаны белгілі болса жұмыстан айырылып қалуы мүмкін деп Александр туралы ешкімге ештеңе айтпаған. Ал енді тергеушілер қылмысқа еш қатысы болмаса да күдік келтіріп жатқандықтан бар шындықты айтуға тура келгенін алға тартып өз сөзіне сендірмекші болды. Қазіргі кезде арақ ішпейтінін, Евгения екеуінің баласын өзі жалғыз асырап жүргендігін айтып ақтарылған ол сүттен ақ, судан таза екенін дәлелдемек болып, бір айтқанын бірнеше рет қайталай берді.

Сот барысында Александр сол түні Вячеслав, Юрий, Владимир және Евгениямен бірге болғанын, себебі Вячеслав пен Евгенияның үйінде өзі де тұратынын, Виктор мас күйінде үйге біресе кіріп, біресе шығып жүріп кілтін жоғалтып алғанын, аяғында бөлмесіне құлыпты бұзып кіріп, жатып қалған кезде, ас үйде арақ ішіп отырған бұларға Евгения келіп қосылғанын баяндады. Сол кезде өзі Вячеслав пен Евгенияның бөлмесіне барып, балаға қарап отырған. Бір кезде жанжал шығып, Владимирдің гүрс етіп құлағаны естілді. Іле-шала бөлмеге Евгения кіріп, Владимирге пышақ салып алғанын айтқан соң, бәрі жабылып Владимирге көмек көрсетпекші болады. Полиция келерде бұл қайда барарын білмей ескі терезелер тұрған бөлмеге кіріп, бұрыш жағына тығылып отырады, себебі бұл бөлмеде жарық жоқ болатын. Бір кезде бөлмеге фотограф кіріп, айналдыра фотоға түсіріп, қайтадан шығып кетеді. Фотограф мұны көрмейді, себебі бұл үстіне жапқыш жауып алған болатын. Сол жерде тығылып отырып, ұйықтап кетіп, таңертең бір-ақ оянады да жұмысына кетіп қалады.

Евгения сотта Александрдың анда-санда үйге келіп қонып жүретіндігін бекітті. Алайда дәл сол түні оның үйде мүлде болмағанын айтты.

Сотқа оқиға болған жерді фотоға түсірген адам да шақырылды. Аядай бөлмеде біреу жасырын отырса көрмеу мүмкін емес екенін айтқан фотограф қанша қараңғы болса да бөлмеде біреу болса байқар едім деп сөзін түйіндеді. Ендеше, Александрдың сөзіне күмән көп.

КУӘ

Оқиға болған жерді қараған тергеуші мен қылмыстық істі жүргізген тергеуші де өздері жіберген қарама-қайшылықтардың мәнін түсіндіре алмай, қателіктерін бір-біріне сілтеп әуре болды. Ал басқалары ешкімге жауап беруді үйретпегендерін айтып, азар да безер болып, әбден естері шықты. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екендігін анықтау үшін судья сотқа оқиға болған жерді қарауға қатысқан айғақ куәлерді шақырды. Екі айғақ куәнің біріншісі өзінің Евгения мен Вячеслав тұратын үйдің қожайыны екенін, пәтердің үш бөлмеден тұратынын айтып, Вячеславты араққа өте жақын деп көрсетті. Сонымен бірге Виктордың пәтердің бір бөлмесін жалдайтынын, Юрийді ол пәтерден бұрын көрмегенін, Александрдың бұрын Вячеслав пен Евгениямен расында бірге тұрғанын, бірақ көптен бері пәтерге келмегенін айтып берді. Оқиға болған түні айғақ куә және үй иесі ретінде барлық бөлмелерді тексеріп шыққан. Бос бөлмеде біреулер тығылып қалған жоқ па деп қасындағы екінші айғақ куәмен бірігіп, жарық түсіріп жүріп терезелердің артқы жағын әдейі тексердік деген ол бөлмеде ешкім жоқ екеніне көзі жеткенін айтып ағынан жарылды. Нәтижесінде апелляциялық сот Евгенияға ақтау үкімін шығарып, оны қамаудан босатты. Ақтау үкіміне наразы тараптар болмады, үкімге ешкім кассациялық тәртіппен шағым түсірмеді.

ЖАЗА

Қылмыстық кодекстің 106-бабы 3-бөлігімен жауапқа енді Вячеслав тартылды. Қалалық сотта ол кінәсін мойындамады. Сол түні үйде өзі, Юрий, Александр, Владимир және Евгения болды деп көрсеткен азамат барынша ақталып әлек болды. Оның айтуынша үстел басына Евгения келгенде, өзі балаға қарауға кеткен, Евгенияның айғайлаған дауысы естілгенде ас үйге қайта келсе, Владимир ішін ұстап еңкейіп отыр екен. «Қасында Евгения тұрды, ал қанға боялған пышақ үстел үстінде жатты» деп көрсетті ол. «Алайда бала анасыз қалмасын деген ниетпен кінәні өз мойныма алатын болып шешкенмін» дейді өзін қайырымды жан ретінде көрсетуге тырысқан азамат. Оған Евгенияның тергеушіге шындықты айтуы кедергі болыпты.

Куә ретінде жауап алынған Юрий Владимирдің гүрс етіп құлаған дыбысын естіп келгенде оның қасында Вячеслав тұрғанын, ал Евгения ұйқылы-ояу күйінде ас үйге тек сол кезде кіргенін көрсетті. Ең қызығы осы сотта Евгения да куә ретінде жауап беріп, үйде аталған адамдармен бірге Александрдың да болғанын растады. Бұдан басқа апелляциялық сотта берген жауаптарын өзгертпеді.

Куә ретінде сұралған Александр өз жауабында теледидар көруге Евгенияның бөлмесіне кетіп қалып, солардың қасында болғанын, Евгения ас үйге қайта кеткенде, балаға қарай тұру мақсатымен бөлмеде қалып қойғанын жеткізді. Сот Александрдың осы жауаптары Вячеславтың оқиға болған кезде баланың қасына кетіп едім деген уәжін жоққа шығарады деп шешті.

Сондай-ақ, сот барысында Вячеславтың бұрын контрафакты тауарларды заңсыз таратумен айналысқаны үшін ескі Қылмыстық кодекстің 184-бабы 2-бөлігімен сотталып, жаза ретінде 180 сағатқа қоғамдық мәжбүрлі жұмыстарға тартылғаны бәріне белгілі болды. Осы жазаны өтеуден жалтарғаны үшін оған іздеу жарияланып, ол ұсталып, қамауға алынған. Қоғамдық жұмыстарға тарту жазасын өтеу мерзімі қамауда отырған күндеріне сіңіп кететіндіктен, ол қамаудан босатылып, жазаны өтеуден құтылып, осы әңгімеге арқау болып отырған оқиғадан 2-3 апта бұрын Евгенияға оралған.

ҮКІМ

Владимирдің өліміне соқтырған қылмыс үшін сот Вячеславты 9 жылға бас бостандығынан айырды. Вячеслав үкімге шағым келтірмеді. Демек, ол осы қылмысты жасағанын мойындамаса да, қылмысқа тікелей кінәлі екені өз дәлелін тапқаны анық. Соңынан Юрий да қылмыстық жауаптылыққа тартылды. Ол ұрлық жасағаны үшін қамауға алынып, Вячеславпен қамау мекемесінде танысып, жәбірленушімен татуласқаны үшін қылмыстық жауаптылықтан және қамаудан босатылып, Евгенияның пәтеріне Вячеславпен бірге келген екен. Юрий Қылмыстық кодекстің 420-бабы 2-бөлігімен ауыр қылмыс бойынша көрінеу жалған жауап бергені үшін айыпталып, 5 жылға бас бостандығынан айырылды. Сотта Юрий де кінәсін мойындамаған. Бірақ ол да үкімге шағымданбады, сірә, кісі өлтіруге қатысты деп 9 жылға бас бостандығынан айырылғанша, жалған жауап берді деп 5 жыл отыруды артық деп тапқан болса керек.

Кәкен СЕЙТОВ,
Шығыс Қазақстан облыстық сотының судьясы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №179 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31